

#КүшімізБірлікте

Алматы – еліміздегі ең ірі, ерекше шаһар. Қаланың ахуалы, тұрғындардың әл-ауқаты менің жеке назарымда.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.


РУХАНИЯТ



ХАЛЫҚ ӘНІ –
ҚАЗАҚТЫҢ ЖАН
БЕСІГІ...

9

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



«ҮТ» КЕЛДІ,
ҚҮТ КЕЛДІ...

24

#ЕКПЕАЛ



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

24.02.2022

Түнде:



0, -5 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+5 +10 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

25.02.2022

Түнде:



0, -5 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+5 +10 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №21 (6156) 24 ақпан, бейсенбі, 2022 жыл.

ҚАЛАНЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАНДАНАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев
Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевты қабылдады



Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысына Алматы қаласының дамуы мен биылғы қаңтар айындағы қысқамерзімді экономикалық индикатордың өзгергені туралы есеп берілді.

2

КӨГАЛДАНДЫРУ

«ЖАСЫЛ АЛМАТЫ»:

Шаһарда көктемгі ағаш отырғызу жұмыстары басталды



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Осылайша «Жасыл Алматы» науқаны аясындағы 1 млн. ағаш отырғызу бойынша 3 жылдық көрсеткішке қол жеткізеді. Бүгінде 633 мың ағаш отырғызылып, жалпы ауданы 404,11 га аумақ көгалдандырылды. Қалада отырғызылатын ағаш түрлері ғылыми қауымдастық пен ландшафт сарапшыларының қатысуымен, климаттық және топырақ ерекшеліктеріне қарай таңдап алынады.

Атап өтетін жағдай, бүгінде ауқымды көгалдандыру жұмыстарының қарқынды жүргізілуімен қатар, жалпы көгалдандыру саясаты да түбегейлі өзгерді. Басты назар бақылаусыз ағаш отырғызудан жасыл қорды емдеу, биоәркелікті сақтауға қарай ауысты. Жасыл желекті суару жұмыстарын күшейту үшін жаңа су ұңғымалары салынып, арық жүйесі түгенделді. Сонымен қатар, ағаштардың жерсінудің жақсарту үшін суару жүйесінде 27 су жинағыш тоған құрылысы жоспарланған.

Қала бойынша биыл барлығы 350 мыңға жуық көшет отырғызу жоспарланған. Басты назар Алатау, Жетісу, Түркісіб аудандарына аударылмақ.

ҚЫСҚА...

- Қазақстан Чехиямен бірге Болон процесі бақылау тобының тең төрағасы болып бекітілді. Еліміз 2022 жылғы 1 шілде мен 31 желтоқсан аралығында тең төрағалық етеді.
- 2022 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының шоттарында 13,1 трлн. тенге сомаға зейнетақы жарналары жинақталды.
- Утильалым мөлшерлемесі жарияланды. ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр автокөлік және ауыл шаруашылығы техникасына кәдеге жарату алымы 50 пайызға дейін төмендетілетінін мәлімдеді.
- Алматыдан 352 шақырым қашықтықта жер сілкінісі тіркелді.
- АЭС құрылысы бойынша 6 халықаралық компания ұсынысы қарастырылуда.
- Алматы диспетчерлік басқарма мамандары қоғамдық көліктердің өз уақытымен жүріп-тұруын қадағалайды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





Экономикалық реформа:

ТАРТЫМДЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛ –
біздің ортақ мүддемізМемлекет басшысының төрағалығымен Қазақстан Республикасының
Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің кезектен тыс
отырысы бейнебайланыс режимінде өтті

Кездесуге қатысушылар адами капиталды күшейтуге, экономика мен инвестициялық саясатқа экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқарудың стандарттарын енгізуге баса мән бере отырып, еліміздің инвестициялық тартымдылығын жақсарту жөнінде бірқатар ұсыныс айтты.

– Ел Президенті ретінде шетелдік инвесторлар үшін «ашық есік» саясаты біздің стратегиялық басымдығымыз болып қала беретінін айтқым келеді. Мемлекет серіктестер мен инвесторлар алдындағы міндеттемелері мен кепілдіктерін толық орындайды. Қаңтар дағдарысы нарықтық экономикаға, заң үстемдігіне, халықаралық және ішкі міндеттемелерді сақтауға деген бейілдімізге еш әсер еткен жоқ. Керісінше, бұл одан әрі жетілдіруге тың серпін берді, – деді Президент.

Халық пен адал бизнеске берген
уәде толық орындалады

Мемлекет басшысы елімізді одан әрі трансформациялау жөніндегі ойын ортаға салды. Қасым-Жомарт Тоқаев заң үстемдігі мен оның тең дәрежеде қолданылуы жаңа бағдардың сөзсіз негізі болатынын атап өтті.

– Бұдан былай экономикалық реформалардың басты міндеті – ішкі жалпы өнім өсімінің абстрактілі сандары мен әлемдік рейтингтерден орын алу емес, халқымыздың табысы мен тұрмыс сапасын арттыру. Әрине, бұл мақсатқа кәсіпкерлердің жаңа шоғырын қалыптастырмай, жоғары сапалы инвестиция тартпай қол жеткізу мүмкін емес. Фаворитизмді, элитаның ерекше мүдделері мен артықшылықтарын, сыбайлас жемқорлық пен олигополияны жоямыз деп, халық пен адал бизнеске берген уәдеміз толықтай орындалады, – деді Қазақстан Президенті.

Президент Кеңес мүшелерінің ұсыныстары Қазақстанға және жүзеге асырылып жатқан реформаларға лайықты қолдау болатынын атап өтті.

– Сіздерді елімізде реформалардың шынайы түрде жүргізілуіне, экономикалық еркіндік болуына отандық кәсіпкерлермен бірдей мүдделі деп есептеймін. Сондықтан елімізді экономикалық тұрғыдан трансформациялауға және жаңартуға баршаңызды белсене атсалысуға шақырамын. Өзара ынтымақтастықтың жаңа, неғұрлым әділ және тиімді тәртібін, ашық әрі тұрақты реттеу мәселесін бірлесе жүйелей отырып, біз, шын мәнінде, тартымды инвестициялық ахуал қалыптастыра аламыз. Бұл – біздің ортақ мүддеміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сапалы адами капитал –
көздеген мақсатқа жеткізетін жол

Бәсекелестікті дамыту, сыбайлас жемқорлықты жою, тиімді мемлекеттік басқаруды құру және сапалы адами капитал қалыптастыру көздеген мақсатқа жеткізетін жол деп атап өткен. Мемлекет басшысы бірқатар өзекті міндетке назар аударды.

Атап айтқанда, Мемлекет басшысы әділ әрі бейтарап сот жүйесі ғана қуатты экономика мен лайықты бизнес-климат құрудың негізі екеніне тоқталды. Оның пікірінше, инвесторлардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғаудың басты кепілі дәл осы болуға тиіс. Мемлекет басшысы инвестициялық дауларды шешу бойынша Астана халықаралық қаржы орталығы мен Халықаралық арбитраж орталығының әлеуетін толық пайдалануға шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев адал бәсекелестікті дамыту ісін жаңа бағыттың тағы бір маңызды басымдығы деп санайды.

– Экономиканың негізгі салаларындағы олигополиялардың тарихи үстемдігі нарықтар мен салалардың дамуын тежейді. Бұл жағдайды заңнамалық және практикалық тұрғыдан батыл

өзгертетін боламыз. Биыл қол қойылған бәсекелестікті дамыту мәселесі жөніндегі заңда маңызды бастамалар қарастырылған. Бұл – нарық субъектілерінің шектеулі ресустарға қол жетімділігі, нарыққа кіру кедергілерін төмендету және аралас нарықтарға монополияның кері әсерін жою. «Самұрық-Қазына» қорын түбегейлі қайта құру жұмыстары жүріп жатыр. Әкімшілік ресурстардың есебінен тапсырыс алған компаниялар өздерінің артықшылықтары мен келісім-шарттарынан айырылуда. Қордың инвестициялық жобаларының топтамасы – шамамен 3,5 триллион теңге. Бұдан былай барлық жобалар ашық әрі конкурс негізінде халықаралық компаниялардың қатысуымен жүзеге асырылатын болады. Егер, олай болмай жатса, бірден маған тікелей хабарлаңыздар. Өйткені, бұл – менің президенттік қызметімдегі аса маңызды іс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, елімізде монополияларға және нарыққа кіру кезіндегі жасанды кедергілерге қарсы басталған күрес инвесторлардың ел экономикасын әртараптандыруға қатысуына мүмкіндік береді.

Нақты әрі түсінікті
алгоритм керек

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы инвесторлардың назарын еліміздің көлік-логистика саласындағы әлеуетіне аударып, Қытай – Еуропа дәлізі бойынша құрлық транзиттік тасымалдың 83 пайызы Қазақстан арқылы өтетінін атап өтті.

– «Достық – Мойынты» аса ауқымды теміржол жобасы жүзеге асырылады. Бұл өткізу әлеуетін 5 есе арттыруға мүмкіндік береді. «Дарбаза – Мақтаарал» жаңа теміржол бағыты Орталық Азиядан Ресейге, одан әрі Еуропаға шығатын транзиттік тасымалдың дамуына ықпал етеді. «Түркістан – Шымкент – Ташкент» жоғары жылдамдықты теміржол магистралін салу жоспарланып отыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті энергетикалық әлеуетті арттыруға, атап айтқанда, атом энергетикасын, жасыл сутегін, экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару қағидаты бойынша цифрландыруды дамыту жөніндегі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға тоқталды. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев квазимемлекеттік секторды реформалаудың, соның ішінде мемлекеттік кәсіпорындар мен холдингтерді жекешелендіру және IPO-ға шығару жұмыстарын жалғастырудың маңызды екеніне назар аударды.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы инвестициялық жобаларды жүзеге асырудың тиімділігіне қатысты мәселеге де тоқталды.

– Бүгінде инвестиция тартудың барлық сатысында формализм мен келісімге келудің ұзаққа созылатын ішкі үдерістері әлі де басымдыққа ие екенін білеміз. Соның салдарынан инвесторлар қажетті шешімді айлап, жылдап күтіп қалады. Осыдан барып олар инвестициялық жобаларды кейінге қалдырады немесе басқа елге кетеді. Халықаралық келісімдердің мемлекеттік органдардағы кабинеттерде жатып қалуына, сондай-ақ келісімдерді ратификациялау ісінің көп жылға созылып кетуіне қатысты мысалдар жеткілікті. Бұрын солай болған, ол қазір де бар деп ойлаймын. Ал мұндай келісімдерге өзге елдерде бір-екі айдың ішінде қол қойылады. Инвестициялық жобалар бойынша нақты әрі түсінікті алгоритм керек. Кеңеске Үкіметпен бірлесіп, аталған мәселені пысықтауды тапсырамын, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев инвесторларды қолдау үшін «KazakhExport» ұлттық компаниясының трансформацияланғанын атап өтті. Ол енді отандық өнімді сатып алатын шетелдіктерге несие субсидиялап, экспортқа қатысты келісімдерге кепілдік бере алады.

Сапалы құқықтық орта қажет

Қасым-Жомарт Тоқаев әкімшілік кедергілерді жою, реттеуші және фискалдық саясатты жетілдіру жөніндегі жұмыстарды күшейтуге арнайы тоқталды.

– Бүгінде салық заңнамасының жетілдірілетінін растаймыз. Мемлекет пен бизнес мүдделерінің теңгерімін сақтауды ескере отырып, тұрақтылық пен қарапайымдылық қағидаттары негізгі постулаттарға айналады. Сонымен бірге, салық режімінің тұрақтылығына қатысты инвесторлардың талап-тілектерін түсінемін. Салық заңнамасын өзгертуге жеңіл қарамаған жөн. Аталған мәселеге салық жүйесінің тұрақтылығын сақтап, инвесторлар үшін қолайлы болуын ойластырып барып кірісу керек. Үкіметтің алдындағы қазіргі міндет осы, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Үкіметке стратегиялық инвестициялық келісімнің енгізілу жолдарын қайта қарауды, бұл құжатты барынша икемді әрі ашық етуді тапсырды. Сондай-ақ, инвестицияларды қорғау үшін сапалы құқықтық орта қажет екеніне назар аударды. Осы ретте инвестицияларды өзара қорғау және ынталандыру жөнінде келісімдер жасау бойынша серіктес елдермен кешенді жұмысты жалғастыруға тапсырма берді.

Жиын соңында Мемлекет басшысы Кеңестің келесі 34-ші пленарлық отырысының күн тәртібін жариялады. Алдағы жиын экономиканың декарбонизациялау және төмен көміртекті технологияларды енгізу мәселелеріне арналмақ.

ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІ

ДАҒДАРЫСҚА
ҚАРСЫ
ЖЕДЕЛ ШАРАЛАР
ЖОСПАРЫН
ҚАБЫЛДАУ
ҚАЖЕТМемлекет басшысы Қауіпсіздік
Кеңесінің шұғыл жиынын
өткізді

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысының төрағалығымен Қауіпсіздік Кеңесінің шұғыл жиыны өтті.

Онда Украинадағы жағдайларға байланысты Қазақстанның одан әрі әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері қарастырылды.

Президент Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың, Ұлттық Банк төрағасы Ғалымжан Пірматовтың, Премьер-Министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеубердінің, Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовтың және басқа да ведомство басшыларының баяндамаларын тыңдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев әскери-саяси және санкциялық текетірестердің салдарынан ушығуы мүмкін халықаралық ахуалға шұғыл әрекет ету үшін дағдарысқа қарсы жедел шаралар жоспарын қабылдау қажет екенін айтты.

Мемлекет басшысы ықтимал экономикалық қауіп пен өзге де қатерлердің алдын алу жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘКІМ ЕСЕБІ

ҚАЛАНЫ
ҚАЛПЫНА
КЕЛТІРУ

жұмыстары жанданады

Президент Қасым-Жомарт
Тоқаев Алматы қаласының әкімі
Ерболат Досаевты қабылдады

(Басы 1-бетте)

Президентке қаланы қалпына келтіру жұмыстары мен зардап шеккен кәсіпкерлердің шығынын өтеу шаралары туралы баяндалды. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру аясында бизнеске жедел көмек көрсету үшін жеңілдетілген тетік бойынша төлем сомасы 10 миллион теңгеге дейін ұлғайтылған. Ал өтінімдерді қарау мерзімі екі есеге – 1 айдан 2 аптаға дейін қысқартылған. Шаһар басшысы қазіргі уақытта тіркелген 1413 кәсіпкердің 755-і өтемақы алғанын, 10-шы наурызға дейін шағын және орта бизнес субъектілері өтінімдерінің 90 пайызы орындалатынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау тиімділігін арттыру шаралары туралы, қалалық денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту және мектептерде орын тапшылығын азайту мәселелері жөнінде де мәліметтер берілді.

Кездесу қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев қаланы қалпына келтіру және бизнес субъектілеріне келтірілген залалды өтеу жұмыстарын жандандыруды, инженерлік желілерді жаңарту жөнінде ұсыныстар әзірлеуді, ескі және апатты жағдайдағы тұрғын үйлерді азайту үшін баспана қорын қайта жөндеуге ерекше назар аударуды тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



САЯСИ КЕҢЕС

ДЕЛЕГАТТАР ТІЗІМІ ЖАСАҚТАЛДЫ

Алматыда Nur Otan партиясының XXII съезіне делегаттар сайланды



Партияның қалалық филиалының Саяси кеңесінің жұмысына Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.Қырықбаев, партияның қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары М.Отыншиев, Алматы қаласы мәслихатының хатшысы С.Канкуров және қалалық мәслихаттағы партия фракциясының жетекшісі Л.Ибрагимов, сондай-ақ филиалдың активі, депутаттар мен аудандық филиалдардың өкілдері қатысты. Саяси кеңес мүшелері делегаттар құрамының жоғары деңгейін атап өтті.

«Барлық делегаттар партия жарғысына сәйкес сайланды. Алматыдан 30 делегат сайланды. Делегаттар құрамы қоғамның барлық спектрін қамтиды және оған экономика, бизнес, білім беру, мәдениет, мемлекеттік басқару, денсаулық сақтау органдарының

және т.б. түрлі салаларының өкілдері кірді. Ал әйелдердің құрамы 33,3% құрады», – деп хабарлады Алматы қаласы мәслихатындағы Nur Otan фракциясының жетекшісі Ләззат Ибрагимова.

Бұдан бөлек, нұротандықтар «партияның барлық жұмысын тү-

бегейлі қайта құруды» жүзеге асыруда ел Президенті қойған жаңа міндеттерді талқылады. Партия мүшелерінің пікірінше, тек партияның ғана емес, тұтас елдің жаңғыру кезеңінде партияның жаңа Көшбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстанды демократияландырудың келесі кезеңін қалыптастыруда жан-жақты қолдау көрсету қажет.

«Елдің басты саяси күші ретінде орныққан Nur Otan реформаларды жүзеге асыруға белсенді қатысып, Қазақстанды серпінді қайта құру мен жаңғыртудың негізгі қозғаушы күші болатыны сөзсіз. Нұротандықтар қала тұрғындарының сұранысына сәйкес өз жұмыстарын күшейтуге дайын. Партияның қалалық филиалы сарапшылармен, саясаттанушылармен және қоғамдық пікір белсенділерімен түрлі форматта көптеген кездесулер өткізді, онда партиялық жұмыстың мазмұны мен әдістерін жаңарту бойынша ұсыныстар жиналды. Нәтижесінде біз партия жұмысын қайта құру бойынша өз ұсыныстарымызды әзірледік және оларды әрі қарай қарастыру үшін партияның Орталық аппаратына жолдадық», – деп түйіндеді партияның Алматы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мейіржан Отыншиев.

Бұған дейін «Ақшам-ақпарат» хабарлағандай, Nur Otan партиясының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев кезектен тыс XXII съезді 1 наурызға шақыру туралы шешім қабылдаған болатын. Съезге барлық өңірлерден делегаттар қатысады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

NUR OTAN

БІЗДІҢ КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ!

Нұротандықтарға жоғары талап қойылып отыр

Нұротандықтарға жоғары талап қойылып отыр. Елдің басты саяси күші ретінде орныққан Nur Otan реформаларды жүзеге асыруға белсенді қатысып, Қазақстанды серпінді қайта құру мен жаңғыртудың негізгі қозғаушы күші болатыны сөзсіз. Аталған жолда партияластарымыз қала тұрғындарының сұранысына сәйкес өз жұмыстарын күшейтуге кірісті.

Бұл ретте партияның қалалық филиалы сарапшылармен, саясаттанушылармен және қоғамдық пікір белсенділерімен түрлі форматта көптеген кездесулер өткізді. Онда партиялық жұмыстың мазмұны мен әдістерін жаңарту бойынша ұсыныстар жиналды. Нәтижесінде біз партия жұмысын

қайта құру бойынша өз ұсыныстарымызды әзірледік және оларды әрі қарай қарастыру үшін партияның Орталық аппаратына жолдадық. Жұмыс қарқынды түрде жүріп жатыр.

Жоспарымызға бір қадам ілгерілеу мақсатында бүгін Nur Otan партиясы қалалық филиалы Саяси кеңесінің отырысында партия съезіне қатысатын делегаттар тізімін жасақтадық. Сайланған 30 делегаттың жоғары деңгейін ерекше атап өткім келеді. Олардың құрамы қоғамның барлық спектрін қамтиды және оған экономика, бизнес, білім беру, мәдениет, мемлекеттік басқару, денсаулық сақтау органдарының және т.б. түрлі салалардың өкілдері

кірді. Ал әйелдердің құрамы 33,3%-ды құрады.

Алматылық нұротандықтар «партияның жұмысын түбегейлі қайта құруды» жүзеге асыруда ел Президенті қойған жаңа міндеттерді орындауға, сондай-ақ партияның жаңа Көшбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстанды демократияландырудың жаңа кезеңін қалыптастыруда жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

Біздің күшіміз – бірлікте!

Мейіржан ОТЫНШИЕВ,
Nur Otan партиясы Алматы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары.

ФОРУМ

ІСКЕР ӘЙЕЛДЕР ЗАМАНЫ

Алматылық кәсіпкер әйелдер екі жылдық үзілістен кейін офлайн режимде жиналып, бизнестегі мәселелер мен оның келешегін сөз етті. Осымен үшінші рет өткен Woman in Business форумына жүзден астам іскер әйел жиналды.



Әсел
ДАҒЖАН

Форумға қаржы, фармацевтика, білім, ретейл сияқты экономиканың түрлі салаларында қызмет ететін кәсіпкер әйелдер келді. Жиын кезінде бір қолымен бесікті, екінші қолымен кәсіпті тербетіп, дөңгелетіп отырған әйелдер қарасы пандемияға қарамастан жылдан-жылға артып келе жатқаны айтылды.

Мәселен, елімізде әйелдердің меншігінде компаниялардың 24%-ы

бар, олардың 30,5%-ы жеке-меншікке тиесілі болса, 26%-ын әйелдер басқарады. Салыстыру үшін Белоруссияны алсақ, оларда сәйкесінше – 19%, 45%, 21%, ал батыс елдерінде –14%, 33% және 18%.

«Елімізде 7 млн. еңбекке қабілетті әйел болса, олар орташа есеппен ерлерге қарағанда 25%-ға аз айлық алады», – деді форумға қатысушылар.

Есесіне, қаржы секторында нәзікжандылардың үлесі басым.

22 банктің 8-ін әйелдер басқарса, әрбір үшінші сақтандыру ком-

паниялары да әйелдерге тиесілі. Әрбір төртінші банкте, бағалы қағаздар нарығында да әйелдер көп.

Футурологтар алдағы 10 жылда әйелдер денсаулық сақтау, білім беру, тұру және тамақтану, қаржы, өнермен дәстүрлі түрде айналысады деп отыр.

«Алматыда өңірлік жалпы өнімнің 84 пайызы бұл шағын және орта бизнес, яғни сауда, сервис, қызметтер, көліктерге тиесілі. Сондықтан біз ресурстар есебінен емес, бизнес, алматылықтардың сатып алу қабілетінің жоғарылығы есебінен өмір сүріп жатырмыз», – деген Nalyk Bank басқарма төрайымы Үміт Шаяхметова қаңтар оқиғасынан кейін алматылық кәсіпкерлер өз ісін тез қалпына келтіргенін айтты. Аталған форумға іскер әйелдермен қатар ресми органның өкілдері де қатысты.

УТИЛЬАЛЫМ

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр Қазақстанда автокөлік утильалымының жаңа тарифтерін жариялады.



Жаңа тариф белгіленді



Досбол
АТАЖАН

«Шешім қабылданды. Автомобиль өнеркәсібін ынталандыру деңгейі жеңіл көлік пен ауыл шаруашылығы техникасының барлық түрлері бойынша утилизация алымын 50 пайызға төмендетуге мүмкіндік береді», – деп Премьер-Министрдің бірінші орынбасары хабарлады. Сонымен қатар, Роман Скляр жеңілдетілген автотөнесінің жаңа бағдарламасына 100 млрд. теңге бөлінетінін айтты. Бұл қаржы «Жасыл даму» АҚ (бұрынғы «РОП операторы» ЖШС) есепшоттарында қалған 200 млрд. теңге есебінен алынады:

«Бағдарламаның жаңа шарттары келесідей: бастапқы жарнасыз, жылдық пайызы 4% құрайтын автотөнесі қымбат емес көліктерге 7 жылға беріледі. 20% алғашқы жарнасын төлеу міндетті қазіргі бағдарламаға қарағанда бұл әлдеқайда тиімді. Соның арқасында 71 мың азаматымыз жаңа көлікті қолжетімді бағаммен ала алады».

8 ақпан күні Қасым-Жомарт Тоқаев утильалым мәселесін қайта қарауды үкіметке тапсырған болатын. 19 қаңтарда үкімет тарапынан «РОП операторы» ЖШС-ін утилизация ақысын алу құқығынан айырып, утильалым төлемі есебінен құрылған активтерді мемлекет меншігіне алу туралы қаулы қабылдады.

МЕТРО

Тағы 3 бекет салынбақ



Дос
ОРЫНБЕКҰЛЫ

2022 жылы Алматыда метро құрылысына 10,3 млрд. теңге бөлінеді.

ҚАУІП ҚАЙДАН?

Қар көшкінінен сақтаныңыз



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаменті алдағы күндерде қар көшкіні болуы мүмкін екенін ескертеді.

Көктемнің лебі есіп, күн жылына бастады. Сай-салада су ағып, қыстан қалған қар ери бастады. Тіпті, қазірдің өзінде еріген қар суы шалшықтан көлшікке айнала бастады. Қалада қалың қар жаумаға-

нымен, таулы аймақтарда қар әлі де қалың. Сондықтан тиісті мекеме өкілдері қала тұрғындарынан жеке қауіпсіздік шараларын қатаң сақта- нып, дәл осы кездерде тауға шығудың аса қауіпті екенін ескертіп отыр.

«Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің суы тасып, қар көшкіні болу қаупі байқалады. «Сақтансаң, сақтаймын» демекші, қазіргі кезде тік қарлы беткейлерге шығуға болмайды», – дейді қалалық ТЖД мамандары.

ТАЛАП

Заңға сәйкес қаралмақ

Алматы қаласының бірнеше тұрғыны өздері тұрып жатқан ескі үйлерді сүріп, жаңа пәтерлерге көшіруді талап етіп отыр. Олар Шевченко көшесі бойында орналасқан №113 үйдің терезелеріне ескі үйлерді сүруді талап еткені жазылған плакаттар іліп қойды.



Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Олардың сөзінше, 1940 жылдары салынған ағаш үйде тұру өте қауіпті әрі апатты жағдайда тұр деп танылған. Сондықтан ескі үйлердің қабырғалары мен төбесінің құлау қаупінің барын ескертіп, ғимараттың өртке де қауіпті екенін баяндады. Сонымен қатар, тұрғындар ескі үйлерін бұзып, орнына жаңа тұрғын үй кешенінен пәтер беруге да-

йын құрылыс компаниясын тапқанын да хабарлап отыр. Әкімшілік өкілдері тұрғындар шағымына орай, бұл үйдің Алматыдағы ескі үйлер тізіміне кіретінін хабарлады. Реновация аясында бұл учаскеге инвестор табылғаны да белгілі. Алайда, құрылысты салуға ниетті компанияға әзірге үйді сүруге рұқсат берілген жоқ. Өйткені, компания ұсынған құжаттар стандартқа сай емес көрінеді. «Ескертулер ескерілген жағдайда мәселе заңға сәйкес қаралады», – дейді қалалық әкімшілік өз хабарламасында.



● КОНФЕРЕНЦИЯ

Инвестор төлемақы ала алады

Алматы қаласының өңірлік коммуникациялар қызметі орталығында ҚР БҒМ «Қаржы орталығы» АҚ Ілгерілету және сыртқы коммуникациялар департаментінің директоры Алпамыс Сатыбалдин баспасөз конференциясын өткізіп, жекеменшік мектептерді салудың тиімділігін баяндады.

Департамент директорының айтуынша, қазіргі таңда еліміздегі оқушылар саны жыл сайын артып келеді. Сондықтан орта білім беру саласындағы маңызды міндеттердің бірі ретінде Мемлекеттік мектептердің жүктемесін азайтып, білім беру сапасын арттыру үшін мектептер арасында бәсекелестікті дамыту болып табылады. Мәселен, Қазақстанда 2019–2021 жылдары 94 696 орынды 287 жекеменшік мектеп, Алматыда – 41 жекеменшік мектеп ашылды.



Алпамыс Сатыбалдиннің айтуынша, 2018 жылдан бастап жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге

мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мүмкіндігі заңды түрде бекітіліп, жан басына шаққандағы қаржыландыру әдістемесімен жан басына шаққандағы норматив айқындалды.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы жатақханаларды да, жекеменшік мектептерді де салу және реконструкциялау бойынша банктік қарыздарды субсидиялау тетігі жұмыс істеп тұрғанына тоқталды. Жалпы, балаға мектептегі жақсартылған жағдайларды ұсынғаны үшін инвестордың ата-ана төлемақысын алуға құқығы бар. Мемлекеттен төлеу мерзімі өткеннен кейін объект құрылыс салушының меншігінде қалады. Объектінің нысаналы мақсатын өзгертуге ауыртпалықты 20 жыл мерзімге тіркеу жалғыз шарт болады.

● СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНА

Тиімді бизнес-жоба

Биыл еліміз бойынша 11 057 орынды 32 жатақхананы пайдалануға беру жоспарланып отыр. Осыған орай, Алматы қаласының құрылыс компанияларына студенттік жатақханалар құрылысына инвестиция салу ұсынды.

Алматылық кәсіпкерлерге алдағы 8 жылға мемлекеттік тапсырыс орнына студенттер жатақханасын салу ұсынылғаны жөнінде ҚР БҒМ «Қаржы орталығы» АҚ Ілгерілету және сыртқы коммуникациялар департаментінің директоры Алпамыс Сатыбалдин Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясы барысында кеңінен баяндады.

Бұл ретте жеке кәсіпкерлер ЖОО, колледж, студенттік жатақхана үшін ғимарат салып немесе қайта құрып, объект пайдалануға берілгеннен кейін өтемақысын ала алады. Кез келген әлеуметтік нысанның құрылысы табысты, тұрақты ғана емес, сондай-ақ перспективалы бизнес-жоба екені белгілі.

– Мемлекеттен төлеу мерзімі өткеннен кейін объект құрылыс салушының меншігінде қалады. Объектінің нысаналы мақсатын өзгертуге ауыртпалықты 20 жыл мерзімге тіркеу жалғыз шарт болады. Бұл жобалаға қатысу – бұл бизнес үшін инвестициялар тұрғысынан тиімді ұсыныс қана емес, сонымен қатар отандық білім беру деңгейін жақсартуға өз үлесін қосу мүмкіндігі, – деп атап өтті А.Сатыбалдин.

Жоба барысындағы тағы бір артықшылық – мемлекеттік тапсырысты орналастырумен қатар меншік иесінің қосымша табыс көздері де болады. Осылайша, студенттердің тұруы үшін ай сайынғы төлем мемлекеттік тапсырыс құнына кірмейді. Оның мөлшерін жатақхана иесі реттейді және белгілі бір аймақтың тұрғын үй нарығының жағдайымен анықталады. Сондай-ақ, кәсіпкер тұрмыстық қызмет көрсету үшін коммерциялық алаңдар жасай алады, олардың негізгі тұтынушылары тұрғындар болады (асхана, шаштараз, тренажер залы және тағы басқалар).

Бүгінге дейін 30 630 орынды 124 жатақхана пайдалануға берілді.

● БАҒДАРЛАМА

Соңғы жылдары біздің елімізге келіп, білім алғысы келетін шетелдік студенттердің саны арта түсті.

Қазіргі мәліметтер бойынша, қазақстандық жоғары оқу орындарында оқитын шетелдік студенттердің саны 30 мыңға жетіп отыр. Мәселен, Қазақстанға білім алу мақсатында келетін мемлекеттердің географиясы айтарлықтай кеңейді: АҚШ, Африка, Ресей, сондай-ақ Таяу Шығыс елдерінен келген студенттер санының арта түскені байқалады.

Қазақстанға білім алуға келгендердің басым бөлігі (64%) ТМД елдерінен келген. Мұндай таңдауға Қазақстандық университеттердің түрлі халықаралық білім беру көрмелеріне белсене қатысуы да өз әсерін тигізсе керек. Мәселен, Бішкек (Қырғызстан) және Ташкент (Өзбекстан) қалаларында «Қазақстанның білім күндері» ұйымдастырылды. Онда өзге елдердің азаматтары біздің жоғары оқу орындарымыз туралы көптеген мәліметтер алды. Бұған қоса, университеттеріміз шетелдік студенттерге арнайы білім гранттарын бөледі. Көбіне шетелдік студенттер «Медицина», «Педагогикалық ғылымдар», «Бизнес, басқару және құқық», «Әлеуметтік ғылымдар» және тағы басқа бағыттарды таңдайды.

Сонымен қатар, 2019 жылы шетелдік азаматтар үшін стипендиялық бағдарлама іске қосылды. Бағдарлама шеңберінде шетелдік студенттер, оның ішінде ҚР

Арнайы жоба қарастырылуда



азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ азаматтарға арнайы гранттар бөлу қарастырылған. Стипендиялық бағдарлама іске қосылған алғашқы жылдың өзінде үлгерімі жоғары 89 шетелдік азамат қазақстандық жоғары оқу орындарында тегін оқу мүмкіндігіне ие болды.

2021 жылы бұл көрсеткіш 2,5 еседен астам өсіп, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейі бойынша 240 грантқа жетті. Ал биыл қазақстандықтар үшін гранттардың саны рекордтық көрсеткішке жетті.

Яғни 56 мың грант бөлінді. Сондай-ақ, қазақстандық жоғары оқу орындарында ағылшын тілінде оқытылатын білім беру бағдарламаларының саны артты.

Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, жоғары оқу орындары шет елдерден білікті мамандарды шақыруда. Қазақстандық жоғары оқу орындары халықаралық білім беру кеңістігіндегі орнын жылдан-жылға нығайтып келеді. Мәселен, QS рейтингіне 14 қазақстандық жоғары оқу орны, Times Higher Education рейтингіне – 3 университет кірді.

● ГРАНТ

Квоталар көзделіп отыр

2022 жылы қазақстандық ЖОО-ларда оқуға арналған білім гранттарының саны тағы 5 мыңға артып, гранттардың жалпы саны 61 мыңға жетті.

Биылғы жылы кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы 5 мыңға, яғни 51 мыңнан 56 мың грантқа дейін көбейтілген еді. Жаңа гранттар студенттер арасында сұранысқа ие және өзекті мамандықтарға бөлінетін болды. Еліміз бойынша Мемлекет басшысының тапсырмасына орай, жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру үшін 2025 жылға дейін білім беру гранттарының саны кезек-кезеңімен тағы да 15 мыңға арттыратын болады. Сондай-ақ, білім беру гранттарын бөлу кезінде азаматтардың әлеуметтік осал санаттары үшін квоталар көзделіп отыр.

Ел Президентінің қолдауы арқасында бюджет есебінен оқуға мүмкіндік алған қазақстандық мектеп түлектерінің саны артты. Мысалы, өткен жылы 75 мыңнан астам өтінім түссе, 56 мыңнан астам талапкер грантқа ие болды. Биыл гранттар саны 61 мыңға жетеді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалар үшін квоталар санын ұлғайды. Яғни көпбалалы немесе толық емес отбасылардан шыққан балалар, сондай-ақ отбасыларында ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған талапкерлер грант алу үшін әлдеқайда көп мүмкіндіктерге ие болады.

● «ОНЛАЙН ОҚУ»

Оқытудың жаңа құралы

Биылғы жылдан бастап Білім және ғылым министрлігі жоғары білім беру жүйесіне оқытудың жаңа құралын енгізуді жоспарлап отыр.

«Онлайн оқу» білім алудың жаңа форматына айналады. Биылдан бастап елімізде алғашқы онлайн-университеттер ашылатын болды. Жалпы, жоғары оқу орындарында білім алу үшін гранттар саны 5 мыңға артса, олардың 60%-ы техникалық мамандықтар бойынша бөлінетін болды. Сондай-ақ, «Болашақ» бағдарламасын қайта қарастыру бойынша да жұмыстар басталды.

Дайындаған Рая ЕСКЕНДІР.

● ЭПИДАХУАЛ



Ауырмайтын жол ізде

Қалада туберкулезбен күрес айлығы басталды



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Қазақстанда туберкулезбен ауырғандар саны соңғы 10 жылда 2,3 есеге төмендеген. Бұл туралы Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығының директоры Мәлік Әденов айтты.

Ол сондай-ақ, бүгін елімізде туберкулезбен күрес айлығының басталғанын хабарлады. Спикердің сөзіне сүйенсек, профилактикалық тексерулердің нәтижесінде 17 жасқа дейінгі балалар арасындағы көрсеткіш те едәуір төмендеген. Сондай-ақ, туберкулезден болатын өлім-жітім деңгейін де айтарлықтай азайтуға мүмкіндік туған.

«Қазақстан – туберкулезді бюджет қаражаты есебінен тегін емдейтін, халықаралық стандарттарға сәйкес ерте диагностикалаудың, емдеудің және алдын алудың ең заманауи әдістерін енгізген санаулы елдердің санатында. Туберкулезді ерте сатысында анықтау үшін ДДСҰ ұсынған және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін туберкулезді және дәріге төзімді туберкулезді бактериологиялық және молекулярлық-генетикалық диагностикалаудың жеделдетілген әдістері енгізілді», – деп атап өтті Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығының директоры М.Әденов.

Спикер туберкулез дертін жедел диагностикалауға арналған медициналық аппараттармен барлық аймақтық туберкулезге қарсы күрес диспансерлері мен аудандық деңгейдегі зертханалар тегіс қамтамасыз етілгенін атап өтті. Бұл кеселдің 99,9%-ы осы диагностиканың жаңа тәсілімен анықталатынын да тілге тиек етті.

Спикердің айтуынша, 24 ақпанда басталып, 24 наурызда Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күні аяқталатын айлық шеңберінде фтизиатр, фтизиопедиатрлардың кестерінің, халықты флюорографиялық тексеруден өткізу сынды кең ауқымды акциялар жоспарланған.

М.Әденов сөзінің соңында тұрғындарды бойынан осы аурудың алғашқы белгілерін байқаған бойда дереу медициналық көмекке жүгінуге шақырды.

Алматыда туберкулез көрсеткіші бойынша эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Соңғы бес жылда мегаполисте туберкулезбен сырқаттану көрсеткіші 34%-ға дейін төмендеген. Бұл туралы осы баспасөз мәслихаты барысында Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасына қарасты Фтизиопульмонология орталығының директоры Жанар Сәпиева айтты.

Спикердің айтуынша, мәселен, қалада 2017 жылы 100 адамға шаққанда 35 жағдай тіркелген болса, 2021 жылы – 23 жағдай. Соңғы 5 жылда туберкулезден көз жұматын адамдар саны да азайған, яғни өлім көрсеткіші 63,8%-ға төмендеген.

Ж.Сәпиева Алматыда тұрғындардың амбулаториялық ем-доммен қамтылу көрсеткішінің ұлғайып келе жатқанын атап өтті. «8 мобильді топ үйден ем қабылдайтын мүмкіндігі шектеулі жандарды, егде жастағы адамдарды және жас балалары бар әйелдерді күн сайын жеке көлікпен шығып аралайды, бақылайды», – дейді ол. Спикер барлық пациент емдеу курсы аяқталғанға дейін жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен 35 мың теңге көлемінде жәрдемақы алатынын айтты. Биыл осындай әлеуметтік жәрдем көлемі 6,6%-ға өскен, қазіргі таңда 830 науқас көмек алып отыр.

Ж.Сәпиева Алматы қаласында да туберкулезбен күрес айлығы басталғаны туралы айта келіп, сол айлық шеңберінде 40-тан астам медициналық мекеме «ашық есік» күндері ұйымдастырылатынын хабарлады.



ДЕПУТАТТАР

МӘЖІЛІСМЕНДЕР ЖАСТАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары өңірлерге жұмыс сапары аясында Алматы технологиялық университетінде болып, оқу орнындағы студент-жастармен, оқытушы-профессорлық қауыммен, қоғам белсенділерімен және БАҚ өкілдерімен кездесті.



**Олжас
ЖОЛДЫБАЙ**

Жиынға «Ақжол» демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев пен Мәжіліс депутаты Қазыбек Иса қатысты. Модератор қызметін осы оқу орнының бірінші проректоры Бауыржан Нұрахметов жүргізді.

Шарада әңгіме Президент бастамаларының негізгі басымдықтары, күні кешегі «Қасіретті қаңтар» оқиғасының себеп-салдары мен сабақтары, еліміздегі бүгінгі әлеуметтік-экономикалық ахуал, тіл мәселесі, жастардың болашағы, сондай-ақ коллекторлық компаниялар қызметі, нарық пен несие бағдарлары жайлы өрбіді.

Азат ПЕРУАШЕВ,
«Ақжол» демократиялық партиясының төрағасы:

ЕЛІМІЗДІ ӨРКЕНДЕТУГЕ АТСАЛЫСАЙЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолға алған бастамалары айқын. Елдің жағдайын жақсарту үшін саяси өзгеріс, экономикалық реформа қажет. Кешегі қаңтар оқиғасы бәрімізге сабақ болды. Осындай сындралы шақта бәріміз бір атаның баласындай, бір қолдың саласындай тірлік етуіміз керек. Барлығымыз жұдырықтай жұмылып, елімізді өркендетуге атсалысайық. Егер өзімізді өзіміз қолдамасақ, демесек, біздің тыныштығымыз басқаларға қажет емес. Бұл елдің тағдыры өзіміздің қолымызда. Сондықтан дүрбелең кезінде қателікке ұрынып, шалт басқан қаракөздерімізге кешіріммен қарауымыз керек. Біздер бұл жөнінен екі рет депутаттық сауал жолдадық. Мемлекетіміздің болашағы жастардың қолында. Бірлікті сақтайық. Елімізді дамытайық.

Бауыржан НҰРАХМЕТОВ,
Алматы технологиялық университетінің бірінші проректоры:

БҰЛ БІЗ ҮШІН – ЖАҢАРУ ЖОЛЫ

Қастерлі Отанымызда үлкен өзгерістер болып жатыр. Өр тарихи кезеңнің өз дәуірі бар сияқты, бұл біз үшін өзіндік жаңару жолы болады. Біздер жастармен тікелей жұмыс істейміз. Оқу ордамызда техникалық бағытта мамандар даярланады. Олардың көбісі жемісті қызмет етіп жүр. Еліміздің халық қалаулылары университетімізде жастармен, оқытушылармен жүздесіп отыр. Біздің студенттер өзінің белсенділігін танытып, әртүрлі тақырыпта сауалдарын жолдап, тұшымды жауаптар алды. Жалпы Жаңа Қазақстан қоғамын өркендетуге бастайтын жастар. Ендеше, болашағымыз тәрбиелі, білімді-білікті жастардың қолында болады деп сенеміз.

Қазыбек ИСА,
Мәжіліс депутаты:

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МАҢЫЗДЫ

Біз үшін білім, оның ішінде технологиялық білім маңызды. Өзіміз де технологиялық университеттің қабырғасында кездесіп отырмыз. Енді біздер «Қаңтар оқиғасы» туралы айтпай өте алмаймыз. Түрмелерде қамалған жастармен кездестік. Кезекші полиция бәрі жақсы екенін айтады. Бірақ тізіліп тұрған жастар жанарында құтқарушылар келгендей үміт бар. Біздер қолдан келгенше олардың мәселесін шешуге тырысудамыз. Бұл жастар кімдер десек, ауылдан келгендер. Аяғындағы киен аяқкиімі кроссовка, осыдан-ақ әлеуметтік жағдайларын түсінуге болады. Бейбіт шеруге шыққан жастарды бүлікшілерден, содырлардан ажырату керек. Ауыл-аймақтан келген жас өрендерге түсіністік көзқараспен қараған жөн. Тіл мәселесіне келсек, мемлекеттік тіл тұғырына қонбай, іс өнбейді. Бұл бағытта үлкен жұмыстар күтіп тұр. Мақсатты мәселелер бірте-бірте іске асарынан үміттіміз. Осы мәселелерге барша қоғам үлес қосқаны абзал. Еліміз аман болсын!

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

АРНАЙЫ ҚҰРЫЛҒЫЛАР ОРНАТЫЛДЫ

Төтенше жағдайлар департаментінің мәлімдеуінше, Алматыдағы жеке тұрғын үй секторларында көмірқышқыл газынан уланғандардың саны бұрынғыға қарағанда біршама төмендеп, биыл тек 11 адамды көрсеткен. Бүгінде жеке үйлерге улы газ анықтайтын құрылғы орнату жұмыстары жалғасып жатыр.

Қауіптің алдын алып, қатерден сақтау үшін Өуезов аудандық төтенше жағдайлар басқармасының қызметкерлері жалпы саны 45 үйге көмірқышқыл газын анықтау құрылғыларын орнатқан болатын. Одан бөлек, тұрғындардың мұржаларды тазалау жұмыстары да назардан тыс қалмады.

Өуезов ауданы ТЖД бастығының міндетін уақытша атқарушы Абай Асылбаевтың айтуынша, аудандық әкімшілік тарапынан алынған тізім бойынша 88 әлеуметтік осал топтағы үйлер бар. Сол үйлердің ішінде қатты отынмен жылытылатын 45 үй бар. Қазіргі таңда 31 үйге улы газ анықтайтын датчик орнатылған. Мамандар қалған 14 үйге улы газ анықтайтын құрылғы орнатып үлгерген.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Қазақстан халқы мерекелік және демалыс күндерін қосқанда наурыз айында 12 күн демалады.



2 млн. 400 мың Қазақстан азаматы ревакциналанды. Бұл – қайта вакцина алуға міндеттілердің 52%-ы.



Утильалым құны 50%-ға төмендеді.



Жұмыспен қамту орталығының мәліметінше, Алматы қаласында 4786 бос жұмыс орны бар.



2021 жылы Алматы қаласында 967,2 мың адам, яғни барлық жұмыспен қамтылғандардың 98,6%-ы қауіпсіз еңбек жағдайында жұмыс істеген.



САРАПТАМА

Бұған дейін «алдымен – экономика, сосын – саясат» деген қағида ұсталынды. Ли Куан Юдың «сингапурлық реформалары» басымдыққа алынды. Сингапурыңыз Қазақстанмен салыстыруға келмейтін, тоқымдай ғана шағын қала-мемлекет. Ал ондағы саяси-экономикалық реформаларды «бес Франция сыйып кететін» Қазақстанда жүзеге асыру мүмкін бе еді? Әрине, салауатты сана оған о бастан күмәнмен қарады. Бірақ оны ескерген ешкім болмады. Оның нәтижесі де белгілі... Айналып келгенде, тұтастай елдің бар байлығы 162 пысықайдың қолына өтті. Әлеуметтік-тұрмыстық айырма, жаппай коррупция пайда болып, оның ақыры қаңтардағы қанды қырғынға ұласты.

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН»: ТЫҢ РЕФОРМАЛАРДАН НЕ КҮТЕМІЗ?

Жемқорлық пен олигополия жойылады

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елде тың реформалар бастап отыр. Оның басында инфляцияны төмендету, сыбайлас жемқорлықпен күрес, басқарудың тиімділігі, терроризммен күрес тұрды.

Ал үстіміздегі жылы оған қоса саяси және экономикалық реформалар қолға алына бастады. Алдымен Қазақстанға шетке кеткен капиталды қайтару, ел тұрғындарының тұрмысын жақсарту мәселесі көтерілді. Осы апта басында Мемлекет басшысы Шетелдік инвесторлар кеңесінің кезектен тыс отырысына қатысты. Жиында сөйлеген сөзінде: «Фаворитизмді, элитаның ерекше мүдделері мен артықшылықтарын, сыбайлас жемқорлық пен олигополиияны жоямыз деп, халық пен адал бизнеске берген уәдеміз толықтай орындалады», – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға саяси реформалар мен азаматтық қоғаммен диалог керек деп есептейді. Ел президенті өзінің алғашқы Жолдауында да осы тақырыпқа терең тоқталған еді.

Президенттің айтуынша, қоғамның өзекті проблемалары көшеде емес, ел парламентінде шешілуге тиіс. Ал қаңтар оқиғасынан кейін ел басшылығының осы мәселелерді мықтап қолға ала бастағаны байқалады.

Президенттің ықтимал саяси әлеуметтік дағдарыстың алдын алу әрекетінің ертерек басталғанының бір белгісі де осы.

Алдағы наурыз айында Мемлекет басшысы саяси реформаларға байланысты Жолдауын жариялайды деген әңгімелер айтылуда. Бұл жердегі әңгіме партиялар мен әлеуметтік саяси топтардың парламенттегі рөлі туралы болмақ, деген болжамдар тағы бар. Сол арқылы қарапайым халықтың ел басшылығына қояр талабы да бұрынғыдан да көбірек ескерілуге тиіс.

Соңғы дәуірдің етектен тартқан бір басты кемшілігі – сыбайлас жемқорлық. Коррупция-

мен күрес – Президент Тоқаевтың билікке келісімен қолға алған ісінің бірі.

Ақпарат көздеріне қарағанда, ҚР Президенті жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссияның төрағасы Игорь Рогов Қазақстандағы тиімді өзгерістердің құқық қорғау саласындағы реформаларсыз жүзеге аспайтынын ашық айтып отыр.

Іс жүзінде бұл орайдағы реформалар сонау 2014 жылдың өзінде басталған. Бірақ игілікті шаруа аяқсыз қалды.

Идея қаншалықты жақсы болса да, заңдылыққа байланысты әрекеттер сөз жүзінде қалды. Алдағы уақытта ел Президенті оны одан әрі жалғастырады деген үміт бар.

Ақиқатында, Қазақстандағы реформалық шаралар Қасым-Жомарт Тоқаев билікке келісімен-ақ басталғаны белгілі. Алайда, қаңтардағы қанды оқиғалар кейбір шешімдер мен процестердің жылдамырақ жүзеге асуын алға тартты.

Қаңтардан кейін талай құзырлы шенеунік тағынан тайдырылды. Арасында түрмеге қамағандары да бар. «Самұрық» қоры мен «Утильсбордағы» өзгерістер де халықтың үмітін оятты. Құқық қорғау саласындағы өзгерістер мен оқиғалар да жеткілікті мөлшерде үміт оятады. Бір ғана қаңтар оқиғасына байланысты жайтты қаперге алсақ, заң органдарының қамалғандарды біржақты жазғырмай, құқық қорғау органдары қызметкерлеріне де қатаң талап қоя бастағанын байқап отырмыз. Елдегі тиісті мамандар Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың наурызда халыққа тастар Үндеуінен үлкен үміт күтеді. Себебі, құқық қорғау саласына реформа қажеті көптен белгілі.

Қаңтар айында ықтимал саяси реформалар туралы сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев: – Мемлекет өзінің базалық функцияларын толық және сапалы орындауға тиіс. Әрі мемлекет заң мен тәртіптің қадағалануына, меншік құқығын және азаматтар құқығының қауіпсіздігін қорғауға міндетті, – деп атап көрсетті.

Азаматтардың әл-ауқаты жақсарады

Қазір еліміз әлеуметтік саясатта жаңа бағдар ұстанып отыр. Алдымен азаматтардың әл-ауқаты жақсарып, жаңа жұмыс орындары пайда болмақ, жалақы көтерілмек.

Оған Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен құрылған «Қазақстан халқына» қорының қаржысын қоссақ, қазақстандықтардың біраз мұқтаждықтарының орны толары күмән тудырмайды.

Қазақстан Республикасындағы қазіргі өзекті проблемалардың бірі қаржы мен экономикаға байланысты. Таяуда қаржы министрі Президенттің соңғы тапсырмаларының орындала бастағанын ресми түрде мәлімдеді.

Алдымен кедендегі жағдай түзеле бастағанға ұқсайды. Оған қоса, ел бойынша қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері енгізіліп, мемлекеттік сатып алуларға бір күндік фирмалардың қатысуы тоқтатылды. Кәсіпорындарға тиімді мемлекеттік қолдау жүйесінің мониторингі енгізілді.

Осының бәрі елдегі қаржының мемлекетке жұмыс істеуіне бағытталып отыр.

Сөз арасында айта кетуге тиістіміз, ресейлік «Крот» фильмі еске түседі. Онда мемлекеттік мекемелерді айтағанда, орыс криминалының өзінің Ресей ақшасының ел ішінде қалуына мүдделілігі, соған сай жасаған әрекеттері баяндалады. Яғни орыстың криминал екеш криминалына дейін өз отанының мүддесіне жұмыс істейді деген сөз.

Әлбетте, бұл жерде біз криминалды насихаттап, мақұлдап отырған жоқпыз. Бұл жердегі әңгіме өзегі – негізгі ұстаным, принципте.

Көлеңкелі экономикамен күрес – басты назарда

Қасым-Жомарт Тоқаев көлеңкелі эконо-

микамен күресті басты назарға алып отыр. Таяуда ол заңсыз алынған, елден шығарылған активтерді іздеп табу міндетін жүктеді.

Мемлекет басшысы бұл жұмыстардың біреудің қызметіне, мәртебесіне қарай атқарылмауға тиістігін ескертті.

Президенттің осы тапсырмасынан кейін, қаржы министрлігі өзара ақпараттар алмасу туралы халықаралық ынтымақтастықтың құқықтық базасын құру мәселесін көтерді. Соған орай шет мемлекеттермен Қазақстанның сыртта жүрген қаржысын қайтару мәселесі туралы келіссөздер жүргізілмек.

Қазіргі таңдағы Қазақстан үшін өзекті проблеманың бірі – өндіріс көлемін ұлғайту. Ол үшін алдымен бағаны тұрақтандырып, тауарларды сақтау мен оның логистикасының тиімділігін қамтамасыз ету қажет, антимонополиялық және сыртқы сауданы реттеу жұмыстары жүргізілуге тиіс.

Осының бәрі тұтастай мемлекеттің, оның тұрғындарының экономикалық-тұрмыстық әл-ауқатын жақсартуға бағытталады. Бұл орайда алдымен инфляцияны тежеу маңызды. Үстіміздегі жылы инфляция деңгейін 4–6 пайыз көлемінде ұстау межеленуде.

Ал 2025 жылға қарай бұл көрсеткіш 3–4 пайыз көлемінде болмақ. Соған сәйкес ел тұрғындарының тұрмысы жақсармақ.

Президент Тоқаев елдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін ең басты бағыттардың бірі деп бағалайды. Алдымен әлеуметтік маңызы бар тауарлардың, дәрі-дәрмектің, жанар және жағар майдың, көмірдің, электр қуатының бағалары тұрақтануға тиіс.

Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елдің, халықтың талайдан бері күткен саяси-әлеуметтік, экономикалық тұрғыдағы реформаларын жүзеге асыруды қолға алды.

Әлбетте, ниет жақсы. Ендігі мәселе оның тиісті қызметтер, тұтастай халық тарапынан қолдау тауып, жүзеге асырылуында.

Өмірзақ МҰҚАЙ.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

Қозғалыс жіті бақылауда

Ол заманауи үлгідегі арнайы құрылғының көмегімен жүзеге асырылады

Алматыдағы «ұйықтамайтын» мекемелердің бірі – «Алматы қаласы көлік холдингі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Орталық диспетчерлік басқармасы. Осынау мекеменің қыруар жұмысты тындырып отырғаны туралы біреу білсе, біреудің білмесі анық.



Рая
ЕСКЕНДІР

Диспетчерлік басқарма мамандары Алматы қаласындағы барлық қоғамдық көліктердің өз уақытымен жұмысын бастап, бекітілген кесте бойымен жүріп-тұруын қадағалап отырады. Сонымен қатар, диспетчерлік басқарма қызметкерлерінің қоғамдық көліктердің аялдамаларда тоқтағанынан бастап, жолаушылардың автобуска мініп-

түскеніне дейін қадағалап отыратын мүмкіндігі бар. Мұндай мүмкіндіктің барлығы заманауи үлгідегі арнайы құрылғының көмегімен жүзеге асады екен. Сіз қоғамдық көлікке мінген кезде жүргізушінің оң жағында орналасқан шағын мониторды байқаған боларсыз. Бұл құттың өзі бір адамның міндетін атқаратын болып шықты. Мұндай монитор «жүргізушінің көмекшісі» деп аталады. Егер жүргізуші тарапынан қандай да бір тәртіп бұзушылық орын алып жатса немесе көлік ішінде келенсіз жағдай орын алса, басқарма диспетчерлері құрылғы арқылы сол заматта байқап, дереу жүргізушімен тікелей байланысқа шыға алады.

– Біз осы монитормен дер кезінде хабарласып, жүргізушімен кез келген уақытта сөйлесе аламыз. Егер көлік жүргізушісі өз уақытынан бұрын жүрсе немесе кешігіп жатса біз дереу хабарласып, оған кестені бұзғанын ескертеміз. Сонымен қатар, жолаушылар қоғамдық көлік жұмысына көңілдері толмаған жағдайда бізге хабарласып, арыз-шағымдарын жеткізіп жатады. Егер қалада үлкен іс-шара өтіп, көшелер жабылатын жағдай болса, оны да жүргізушіге сол заматта ескертуге мүмкіндігіміз бар. Қала көшелерінде жол көлік оқиғасы орын алып немесе

кептеліс болып жатса біз жүргізушіге тікелей хабарласып, жолаушылардың сағаттап күтіп қалмауын бақылаймыз, – дейді Орталық диспетчерлік басқарма мамандары.

Әлемдік індет белең алған тұста Орталық диспетчерлік басқарманың да жұмысы екі есеге қызы түсті. Көлікке кірген әрбір жолаушының бетперде тақпай немесе оны жартылай тағып отырғанына дейін бейнебақылау арқылы байқап, осы жағдайды жүргізушіге хабарлап отырды. Қала көлеміндегі алғашқы пилоттық жоба болғандықтан, бейнебақылау әзірге тек 40-қа жуық автобуста ғана бар. Егер осы жоба жақсы нәтиже көрсетсе, оны бүкіл автобустарға орнатуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, Орталық ішінде қабырғаға үлкен кесте орнатылыпты. Онда қоғамдық көлікке мінген әрбір жолаушының төлемнің қай түрін пайдаланғанына дейін көрсетіп тұрады. Жолаушының қолма-қол ақша төлеп, қанша билеттің сатылғанына дейін көруге болады. Орталық мамандарының айтуынша, ең басты мақсат – қоғамдық көліктердің халыққа көрсететін қызмет түрлерін жаңартып, жақсарту. Дәл қазіргі уақытта қаламыздағы 2645 автобустың барлығында монитор орнатылған. Орталық қызметкерлері олардың барлығын қадағалап отырады. Таңның атысынан басталған жұмыс түнге дейін жалғасады. Аталмыш Орталықта демалыс болмайды. Кезекші диспетчерлер бар. Үлкен қала болған соң түрлі жағдайлар орын алып жатады. Орталық қызметкерлері ондай оқиғаның қайда және қай уақытта болғанына дейін анықтай алады. «Алматы қаласы көлік холдингі» ЖШС қоғамдық көліктермен қатарласып, өз жұмысын таңғы сағат 5-те бастайды. Осы кезде «жүргізушінің көмекшісі» де қызу іске кіріседі.



ТҰРҒЫНДАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

Мертігіп қалмасак екен...



Редакциямызға бір топ зейнеткер қол қойған хат келді. Онда №10 ықшамауданындағы №10 үйдің жанында шағын аллеяның бар екені айтылады. Ол жермен жүру зейнеткерлер үшін қолайлы болғанымен, қауіп басым көрінеді. Себебі, онда мынадай шытынап, сынғалы тұрған құдықтар бар екен. «Әсіресе, қар жауған кезде қауіпті. Себебі, үстін қар басып жатқандықтан, абайсызда басып кетіп, мертігіп қаламыз ба деп қорқамыз. Тезірек ретке келтіріп берсеңіздер екен», – дейді олар.

Тұрғындар өтінішіне Әуезов ауданы әкімдігінің қызметкерлері дереу кері байланыс орнатып, ол жерге арнайы коммуналдық қызмет мамандары барғанын хабарлады. Құдықтың «иесін» тауып, айтылған мекенжайдағы олқылықты тез арада жоюды тапсырды.

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ



Алматының көркеюі өзімізге байланысты

Қоғам мүлкін күтіп ұстау – әрбір азаматтың міндеті. Бірақ сол ортақ игілікті көзінің қарашығындай сақтайтындар бүгінде аздау болып тұр. Оған мысалды қала көшелерінен, үй алаптарынан көптеп кездестіруге болады. Алматылық Аида Елгезекова сондай көріністердің бірін көргеннен кейін қала тұрғындарына өз өтінішін былай деп жеткізді:

«Құрметті алматылықтар! «Теңіз – тамшыдан құралады» демекші, қаламыздың көркі оның әрбір кішкентай затынан басталады. Сондықтан қолымызда барды бағалай білейікші. Оның үстіне, әркімнің еркелігін көтеріп, қираған-сынған, бүлдірген заттарды жасай беретін өкіметте артық ақша жоқ. Қараңызшы, мынау Мыңбаев көшесі мен Сәтбаев көшелерінің арасында орналасқан Жароков көшесінің бойындағы автобус аялдамалары... Сіздің ойыңызша мына шимай-шатпақ суреттерді кім салды? Үлкендер

мұндай іске бармайтыны анық. Бұл, әрине, жастардың немесе жасөспірім балалардың ісі. Алматының көркем әрі сұлу болуы үшін біз мұндағы әр затты күтіп ұстауымыз керек. Үйде балаларыңыз бен немерелеріңізге ендігәрі бұлай қайталамауын түсіндіріңіздер. Өйткені, Алматы – біздің ортақ үйіміз. Сондықтан оның көркейіп, гүлденуі өзімізге байланысты», – дейді ол.

Жалпы, елімізде 16 жасқа дейінгі кемелетке толмағандар жасаған вандализм, яғни мемлекет қорғайтын ғимараттарды – қоғам мүлкін жазулармен, суреттермен немесе қоғамдық имандылықты қорлайтын өзге де әрекеттермен қорлау, сол сияқты көлікте немесе өзге де қоғамдық орындарда мүлкті қасақана бүлдіргендерге арналған әкімшілік құқық бұзушылық туралы арнайы бап бар екенін ескерткенді жөн санап отырмыз.

МЕДЕУ АУДАНЫ



«Тас жармаса да бас жарады»

Достық пен Омаров көшелерінің бойындағы үйлердің шатырындағы мына мұздар күн жылынған соң еріп жатыр. Енді дәл сол тұстың мұз айдына айналмасына кім кепіл?! Қауіпті-ақ. Егер тағы қар жауа қалса, бұлар қайтадан семіп, қатып қалатыны анық. Бұл туралы редакциямызға Медеу ауданының тұрғыны Айымтал Жарықасын хабарлады.

– Қазіргі таңда күн жылып, төбедегі мұздар түбінен еріп, төменге құлап жатыр. ПИК-ке шағымданғанымызбен, нәтиже жоқ. Ересектер бірдене қылып амалдармыз. Біз балаларымыз үшін алаңдаймыз. Мұз, тіпті, үй балкондарының үстіне де қатып, құлап жатыр. Балконға шығуға да қорқып қалдық. Мына мұздар «тас жарады, тас жармаса бас жарады», – дейді тұрғын.

Бұл мәселе бір ғана үйді емес, Омаров көшесінің бойында орналасқан барлық тұрғын үйлерге қауіп төндіріп тұр. Аудан тұрғындары жауапты мекемелерден шатырдағы мұздарды тазалап беруін сұрап отыр.

ЖЕТІСУ АУДАНЫ



Нәтижесіз жұмыс

«Айнабұлақ» ықшамауданына қарасты Павлодарская көшесіндегі 136/2 үйде зейнеткерлер көп тұрады. Олар көшедегі үйіліп, қатып қалған қар қалдықтарының салдарынан жүріп-тұруымыз қиындап кетті дейді. Айтуларына, көбесі сөгілмеген қар олардың жүріп-тұруына кедергі келтіреді. «Тіпті, тайып жығылған кездеріміз көп. Мына жолдың бойын тазалап берулерін өтініп, әкімдікке бірнеше мәрте өтініш айттық. Өздері келіп көріп «мәселені шешеміз» деп уәде берген. Бірақ еш нәтиже жоқ», – дейді.

«Іс бітті, қу кетті» деген осындайда айтылса керек. Ең бастысы, жауапты мамандар тұрғындар өтінішіне құлақ асып, мәселемен танысты. Жұмыс істеп жатырмыз деген сыңаймен қағазға «түртіп» алды. Ал шын мәнінде, жол азабын тартып жүрген зейнеткерлер әлі күнге қиналып жүр. Әкімдік ескерер деген ойдамыз.

АЛАТАУ АУДАНЫ



Кедергісі көп ағаш

Аудан тұрғындары мына жол бойындағы ағашты кесіп, алып тастауын айтып, редакциямызға хабарласты. Айтуларына, тура жол бойында орналасқан ағаш көліктердің жүріп-тұруына кедергі келтіреді. Қауіп де жоқ емес дейді. «Мына ағаштар орналасқан жерден 1 метр алыс бұрылыс бар. Мен өзім сол жерде тұрамын. Кешке көлік көбейген кезде әлгі ағаштар бұрылуға кедергі келтіреді. Тіпті, сол ағаштарға көлігімізді талай рет сырып алған кезіміз болған», – дейді Ақбар Рамазан есімді тұрғын.

Рысқұлов көшесі үлкен жүк көліктеріне жүруге рұқсат етілген көше екенін ескерсек, ағаштың жүк көліктерінің жүріп-тұруына кедергі келтіретіні анық. Тұрғындар Жасыл экономика басқармасынан жол бойындағы ағаштарды кесіп беруін сұрайды.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Жолайрық құрылысы тоқтап тұр



«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» АҚ «Алтын Орда» базары маңындағы екінші жолайрығының құрылысы қашан аяқталатынын айтты.

Ұлттық компанияның баспасөз қызметі мамандарының хабарламасына сүйенсек, «Алматы – Бішкек» тасжолының «Алтын Орда» базары ауданындағы (16–19 шақырым) бөлігін күрделі жөндеу

жобасын жүзеге асыру барысында «Асыл Арман» тұрғын үй кешенінің тұрғындары қалаға шыққанда және кері қайтқанда тек айналма жолдармен қатынауға мәжбүр. «Асыл Арман» тұрғын үй кешені маңындағы құрылысы аяқталмаған эстакада. 2022 жылдың аталмыш тұрғын үй кешені тұрғындарының Алматыға қарай кедергісіз шығуы үшін «Алматы – Бішкек» автожолында «құбыр» үлгісіндегі жолайрық (18+700 шақырым) және Райымбек ауылына бұрылыстағы қосымша жаяу жүргіншілер көпірін (19+860 шақырым) салу үшін жеке жоба («Алтын Орда» жобасына кірмейтін) әзірленді және 2020 жылдан бастап жоба бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды. Жолайрықтың жалпы ұзындығы 264

метр.

Қазіргі уақытта жоба бойынша шарттық міндеттемелер орындалмауына байланысты мердігерлік ұйыммен шарт бұзылып, барлық өндірістік жұмыс тоқтады. Компания өндірістік рәсім аяқталғаннан кейін нысандағы жұмысты 2022 жылдың аяғына дейін аяқтау үшін мердігерді анықтауға конкурс өтетінін жеткізді.

ЭКОЛОГИЯ

Қалдықтарды өңдеу – басты мәселе



Елімізде қатты тұрмыстық қалдықтардың 22%-ы ғана қайта өңделеді. Бұл туралы KazWaste қалдықтарды басқару Қазақстан ассоциациясының басқарма төрағасы Шынболат Байқұлов мәлім етті.

«Пластиканы қолдану аясы кеңейген сайын, оны қайта өңдеу мәселесі де күн тәртібінен түспейді. Бүгінде пластика барлық сала бойынша қолданылады және бұл тек Қазақстанның ғана проблемасы емес. Пластикадан келетін зиян туралы баршамыз білеміз. Және ол ұзақ жылдар бойы ыдырай-

ды. Сондықтан дабыл қағатын уақыт жетті. Ол туралы әлемдік қауымдастықтар мен экологтар айтып та жатыр. Қазір біздің алдымызда тұрған міндет – пластиканы қайта өңдеу мәселесін шешу. Оны қайта өңдеп, екінші рет қолдануға болады», – деді Шынболат Байқұлов елордада өтіп жатқан экология тақырыбына арналған конференция барысында. Оның айтуынша, елімізде және әлемде қатты тұрмыстық қалдықтарға тыйым салу туралы тиісті заңнамалар бар. «Пластика ішінара бірнеше санатқа бөлінеді. Сондықтан оны қайта өңдеу мен ыдырату деңгейі де әртүрлі. Бұл жерде басты проблема пластиканы жинау. Осы орайда, қолданушылар пластиканы арнайы қоқыс контейнеріне тастағаны жөн. Яғни қалдықты ажыратып тастау керек. 2021 жылдың қорытындысы бойынша жиналған қатты тұрмыстық қалдықтардың 22 пайызы ғана қайта өңделді. Пластиканы жинау мен өңдеу еліміздің әр өңірінде әртүрлі деңгейде жүріп жатыр», – дейді ол. Ассоциация басшысының мәліметінше, қазір елімізде пластиканы жинау және өңдеумен 17 компания айналысады. Айта кетейік, елордада «Пластика экономика айналымында: өндіріс – қайта өңдеу – қайта қолдану» атты конференция өтіп жатыр.

Бетті әзірлегендер Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ, Айжан БҮРКІТБАЕВА.



ІЛТИПАТ

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

Белгілі тарихшы Қуанышбек Сүлейменұлы туралы бір үзік сыр

Қай заманда болмасын қоғамда ұстазға деген құрметтің ерекше болғаны ақиқат. Өзімізге дәріс беріп, мамандыққа тәрбиелеген ұстаздарымызбен қазіргі күндері әріптес боп жүрсек те, олардың ұстаздығы ешқашан ұмытылмайды. Алпысқа иек арта бастаған біздің шәкірттеріміздің өз шәкірттері бар екенін ескерсек, біздерді ғалым боп қалыптасуымызға үлес қосқан ұстаздарымызды «ұстаздардың Ұстазы» деп атау өте орынды деп ойлаймын. Біздің кейіпкеріміз сондай атаққа лайықты жан – тарих ғылымының докторы, профессор, 2007 жылғы ЖОО үздігі Қуанышбек Сүлейменұлы ҚАРАЖАН.



каражаттың көп бөлігін профессор өзі іздеп тапты. Кейіннен бұл мәжіліс залында факультет жанындағы Диссертациялық кеңес жұмыс жасап, факультеттің 100 пайыз оқытушы-профессорлар құрамы өздерінің докторлық және кандидаттық диссертацияларын сәтті қорғап шықты. Сол себепті де, факультетіміздегі №406-шы – «Е.Бекмаханов атындағы мәжіліс залы» бәрімізге ыстық боп көрінеді.

Университетте тәуелсіздік кезеңінің талаптарына сай жаңа мамандық өкілдерін даярлайтын – Халықаралық қатынастар бөлімінің ашылуы да сол кезең үшін үлкен жаңалық еді. Қазіргі кезде университетіміздегі белді факультеттердің қатарына жататын – Халықаралық қатынастар факультетінің ашылуының басы-қасында Тарих факультетінің сол жылдардағы деканы, профессор Қ.С.Қаражанның тұрғанын бүгінде біреу білсе, біреу білмейді.

Соғыстан кейінгі жылдары қаймағы бұзылмаған қазақ ауылында отбасының тұңғышы ретінде дүниеге келген Қуанышбек ағайымыз атасы мен әжесінің баласы болып тәрбиеленді және ержетті. Сөйтіп, өзіне өмір бойы өзек болып келе жатқан адами қасиеттерді туған жердің топырағынан, әке-шешенің қаны мен сүтінен, ата-әженің мейірімді тәрбиесінен алды. Жалпы, ауылда өскен баланың мейірімді, зерек, ізденгіш, арманшыл және мақсат қойғыш болатыны заңдылық деп санаймын.

Қуанышбек Сүлейменұлы 1965 жылы орта мектепті жақсы бітірсе де, бірден қалаған мамандығына бара алмай, туған ауылында құрылысшы болып, еңбек кітапшасын аштыруға мәжбүр болды. Бір жылдан кейін әскер қатарына шақырылып, екі жыл азаматтық борышын өтеуге аттанады. Әскери өмірдің темірдей тәртібіне бейімделіп, өзіне қажетті тәртіп пен талап қойғыштықты, тазалық пен ұқыптылықты меңгереді. Кейіннен бұл қасиеттері болашақ профессордың өмірлік ұстанымына айналады. 1973 жылдан күні бүгінге дейін оның жоғары оқу орнында ұстаздық етіп келе жатқанына жарты ғасыр толады. Ол кісіден дәріс алған біздер кейіннен оқытушылық қызметке қалдырылғанымызда білікті және тәжірибелі ұстазымыздың жақсы әдістемелік тәсілдерін, тәжірибелерін көп қолдандық.

Қуанышбек Сүлейменұлы 1991–1993 жылдары Тарих факультетінің деканы қызметін атқарды. Осы жылдар ішінде факультет үшін көп істерді тындырып үлгерді. Ең алғашқысы – 1966 жылдан бері жүзеге аспай келе жатқан Тарих факультетінің Ғылыми кеңесінің «Е.Бекмаханов атындағы аудитория ашу туралы» қаулысын іске асырды. «Профессор Е.Бекмаханов атындағы мәжіліс залы» пайдалануға берілді. Бұған қажетті

Берекет КӘРІБАЕВ, ҚР ҰҒА академигі, ҚР еңбек сіңірген қайраткер.

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Қуанышбек Сүлейменұлы – Ертіс–Қарағанды каналының тарихын, Қазақстан ауыл шаруашылығы тарихын зерттеп, отандық тарих ғылымының дамуына қомақты үлесін қосқан ұстаз. Оның атсалысуымен «Қазіргі заманғы Қазақстан тарихының құжаттары», «Қазіргі заманғы Қазақстан тарихының хрестоматиясы», «Қазақстан тарихы» атты оқу құралы жарық көрді. Сондай-ақ, оның жетекшілік етуімен М.Вяткиннің «Батыр Сырым», М.Иваниннің «Шыңғыс хан мен Темірлан тұсындағы әскери өнер» атты еңбектері қайта жарияланды. Ол 50-ден астам ғылыми мақалалардың авторы. Оның мақалаларының басым көпшілігі Қазақстан тарихының өзекті мәселелеріне, кеңестік ұжымдастыру мен қуғын-сүргін зардаптарына, тың және тыңайған жерлерді игерудің жетістіктері мен зардаптарына арналған. Сонымен қатар, қазақтардың жоңғар шапқыншылығына күресте ерекше ерлігімен көзге түскен Саңырық батыр жайында зерттеу жүргізді.

(Дереккөз: Уикипедия ашық энциклопедиясы).

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨП
Көпбалалы аналарға қандай көмек түрлері қарастырылған?

Қоғамның барлық саласында ер-азаматтармен қатар еңбек етіп жүрген аналар қашан да құрметке лайық.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қалалық Жұмыспен қамту орталығының өкілдері Наурызбай ауданына қарасты №206 орта мектепте көпбалалы аналармен кездесу өткізді. Басқосуда әйелдерге жұмысқа орналасу, жана мамандық алуға көмектесу және кәсіпкерлік бастамаларды қолдау шаралары туралы айтылды. Сонымен қатар, атаулы әлеуметтік көмек (АӨК) тағайындау мәселелері жөнінде түсінік берілді.

Жұмыспен қамту орталығы директорының орынбасары Нұржан Әутәлиф бүгінде отбасылар арасында әртүрлі себептермен жұмыс істемейтін немесе тұрақты табысы жоқ азаматтар көп екенін жиі байқайтынын жасырмайды. Оның айтуынша, мұндай жұмыссыздықтың белең алуы ер адамның қадірін қашыруға себеп. Сондықтан бұл мәселені уақыт оздырмай шешу керек дейді.

Орталық өкілі атаулы әлеуметтік көмек уақытша берілетін қолдау ғана. Сондықтан екі қолға бір күрек таппай жүргендер Жұмыспен қамту орталығының қызметтерін пайдалана отырып, тұрақты жұмысқа орналасуға болады. Бұл қадам сіздің қиын өмірлік жағдайлардан шығуыңызға көмектеседі. Өйткені, орталықта

лайықты жалақысы бар жақсы бос орындар көп деп отыр.

Ал өз кезегінде сөз алған Әлеуметтік көмек бөлімінің басшысы Гүлзира Қазыбаева көпбалалы ата-аналармен жүйелі түрде өткізілетін ақпараттық-кеңес беретін кездесулер өткізудің маңыздылығы зор екенін тілге тиек етті.

– Бізден Алматының әрбір көпбалалы отбасы толыққанды кеңес ала алады. Қала тұрғындарына қолайлы болуы үшін кеңес алу телефон арқылы және бейнебайланыс арқылы жүзеге асырылады. Біз әр отбасына көмектесуге барынша тырысамыз, – дейді ол. Бөлім басшысы қазіргі уақытта бірінші сәбидің дүниеге келуі жауапкершілікті ғана емес, сонымен бірге айтарлықтай қаржылық шығындарды да талап ететінін атап өтті. Себебі, нәрестені ең қажетті деген заттармен қамтамасыз етудің өзі ата-ананың қалтасына кәдімгідей салмақ салатыны сөзсіз.

Иә, көпбалалы отбасы болу – бақыт. Бірақ оны қамтамасыз ету үлкен жауапкершілік. Себебі, отбасының әрбір мүшесін қажеттілігіне қарай киіндіріп, тамақтандыру, олардың жүріп-тұруы һәм жетілуі қыруар қаражатты қажет етеді. Қазақстандық заңнамаға сәйкес, көпбалалы отбасы деп төрт және одан да көп көмелетке толмаған балалары бар отбасыны айтады. Естеріңізге сала кетейік, көпбалалы аналар Жұмыспен қамту орталығынан басқа «Бақытты отбасы» орталығынан да көмек сұрай алады. Ондай орталықтар мегаполистің барлық ауданында бар.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Тіркеуде өзгеріс бар



Әсел
ДАҒЖАН

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бұйрығымен жұмыс іздеп жүрген адамдарды, жұмыссыздарды тіркеу және Халықты жұмыспен қамту орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидаларына бірқатар өзгерістер енгізілді.

Енді жұмыссыз тұлғалар жұмыс іздеу үшін «электрондық еңбек биржасы» ақпараттық порталында тіркеле алады.

Сонымен қатар, жұмыс іздеп жүрген адамдар келесі ресурстарға тіркеле алады: тұрғылықты жері бойынша Жұмыспен қамту орталығы арқылы; «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы және мемлекеттік корпорация арқылы тіркеліп, жаңа жұмыс қарастырса болады.

Егер «электрондық еңбек биржасы» ақпараттық порталы немесе Жұмыспен қамту орталығы белгіленген мерзім өткеннен кейін қолайлы жұмыс таңдамаса немесе жұмыс іздеп жүрген адам ұсынылған жұмыстан бас тартса, онда жұмыс іздеп жүрген адам автоматты түрде жұмыссыз ретінде тіркеледі.

Ұсынылған құжаттардың немесе деректердің дұрыстығын анықтағаннан кейін Халықты жұмыспен қамту орталығы олар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жұмыс іздеушіні жұмыс іздеп жүрген адам

ретінде тіркейді және оған тіркелгендігі жөнінде хабарлама береді.

Тіркеу туралы хабарламаны беруді халықты жұмыспен қамту орталығы азаматтың жеке куәлігін, оның ішінде оны Цифрлық құжаттар сервисінен ұсынған кезде қолхат негізінде жүзеге асырады.

Жұмыс іздеуші азамат ақпараттық-коммуникациялық технологиялар немесе ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркелу туралы хабарлама алады.

Егер жұмыссыз міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы болып табылса, онда «электрондық еңбек биржасы» ақпараттық порталындағы «өжеке кабинетте» ол мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алу үшін өтінім мен банк шотының нөмірін толтырады.

Бұйрық 2022 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



ХАЛЫҚ ӘНІ – ҚАЗАҚТЫҢ ЖАН БЕСІГІ...

Күрең даланы күмбірлеткен – күмбір күй мен әуезді ән.

Әлемді әлдилеген – ән. Ән болғанда да, ол – «Әлди» ән. Әлдиінен ән айтып өскен қазақтың қай баласы әу демес, айтыңызшы... Кешегі арқа көктен ақық үнін асырған Ақан сері, Біржан сал, Өсет, Мұхит, Жаяу Мұса, Ыбырайлар текемет төрден теңгені ілмей, жан тебірентер ән мен күйден күпі киіп, үкі таққан емес пе еді. Ендеше, осынау Алты алаштың ақиық әнші-композиторларының ән-әуезінде халық әндерінің әсем сиқыр сазы, терең иірімі, қайымды қайырымы, асқақ үні жатқаны анық.

Хақ, халық әні – халықтың өзі туынтқан төл шығарма.

Халық әні – халықтың мұң-зарынан туындаған туынды.

Халық әні – ғашықтардың жан сырын жая көкке жайып жіберіскен, желдей жұмсақ жібек үн...

Халық әні – бұлақтың сыңғырын, құрақтың сыбыдырын сұлу сазды иіріміне үйірген сиқыр дүние...

Халық әні – қаяу көңілді көкке көтеріп, жұбатып, ұшқан құстың қанатына жармастырар қиялдың бір қауырсын-қанаты...

Халық әні – халықтың еншісі, ентаңбасы, іргетасы, мол мұрасы, жан бесігі...

Халық әндері қазақпен қаншама заманнан бері қарай бірге жасасып келеді. Негізінен, әрбір халықтың еншісіне тиген әр халық әнінің әу баста бір авторы болған. Бірақ әннің әуезділігі әуе тербеп кеткендіктен, ән иесінің аты ұмыт қала берген-ді. Оған бірқауым мысал бар. Мәселен, «Елім-ай» әні. Әуелде «Елім-ай» әнінің авторы болып Топыш ақынның, бертіннен Қожаберген жырау Толыбайұлының аты аталып келеді. Бұл ән – жоңғар шапқыншылығы (1723–1725 ж.ж.) кезінде қазақ халқының басына қайғының қара бұлты төнгенде келіп туған туынды. Туынды тіні ащы зарға толы. Осы орайда, тағы бір ән – «Гауһартас» жайында да айта кетсек. Әлдеқашан халық әніне айналған «Гауһартас» әнінің авторы Сегіз сері екен. Оны әдебиет пен мәдениетті зерттеп жүрген ғалымдардың еңбектері арқасында білдік. Жалпы, халық мұрасы болған «Назқоныр», «Мақпал» әндері де осы Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақовтыкі деседі. Десе де, мейлі, наз бен сазға толы бұл әндер, әйтеуір де бір, желкені желмен бірге желбіреген қазақтың қазанында, соған шүкір.

Шүкір, қазақ елінің ен төрінде құс қалықтаса, құспен қоса қанаттасып қиял-арманы, арманнан туған ән-өлеңі қалықтап қыр асады, қыр асып асқарларға шарқ ұрады. Шарқ ұрып келіп, шым-шым шымырлап жатқан шым бұлақтың көзінде мөлдіреп тұна қалысады. Бұл деген қазақ әнінің, қазақ халық әнінің құдірет-күші. Құдірет-күш демекші, қазақтың әндері, халық әндері әлемді әлдеқашаннан тербеп келе жатқаны аян. Ақан серілердің салған әні арқадан асып, Алатау–Алтаиды тербеп өтсе, Өміренің әуелеткен әсем әні («Қос балапан», «Жалғыз арша», т.б.) Париж сахнасында жұртшылықты дүр сілкіндірген еді. Осыдан-ақ қазақ әнінің қауқар-күшін, құдірет-қасиетін ұғынуға болады.

Нота жазуы жауырын-жүрегіне жазылған қазақтың «Ақбақай», «Аққұм», «Әпитөк», «Қарғаш», «Бір бала», «Сәулем-ай», «Ідіғай» іспетті сансыз мың әні бар. Ол әндердің арқауы аңсау-арманнан, ғашықтық сезім отынан өріледі. Ол әндердің әуезі сазды, сиқырлы. Кей-кейінде баяулап, қоңыраулап, кей-кейінде өршеленіп, өрге бастайды.

Күйініш пен сүйінішке толы халық әні – әулие әуе көк пен салкам төр даланың тербеп те толғап алып, тебіреніп тұруынан келіп туса керек.

Тәтті сезім мен арманға толы халық әні – қас сұлудың қабақ қағысынан, қагілез келіп кесе жалғап-алысынан туса керек... Қалай десек те, халық әні көлдей көлбеген, шөлдей шөлдеген көңіл күйдің кезінен келіп тұмағы тағы аян. Шіркін, тамшыдай сезімді семдірмей, шынаяк-кесенің түбінде тұндырған сол кездегі серілер-ай... – дейсің. Сол серілер – Ақан сері, Біржан сал, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Абай...

Ақанның «Ләйлімі», Біржанның «Ләйлім шырағы», Балуан Шолақтың «Ғалиясы», Мұсаның «Сұрша қызы», Ыбырайдың «Іл әккі», Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқасы» халық әндеріне айналып кеткелі қашан. Өйткені, олардың әнінде әуезділік, әсіресе, қамшысын екі бүктеп ұстаған, бешпентін оқа-жіппен тыстаған халықтың өзіндік үні, жан тебіренісі, өмір күйі, аңырақай ақ даланың ақ самалы анадайдан есе түседі. Оны айтасыз, бертінгі өмір сүрген композиторлар Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов, Садық Кәрімбаев, Әбілахан Еспаевтардың, одан берідегі Алтынбек Қоразбаевтың әндерінде де шилі өзеннің шуылы, орман-таудың дуылы, сұлу қыздың сыңғыр күлкісі, кестелі

орамал кейпі көзге ұрады. Былайша айтқанда, қазақы қалып, ұлттық бояу басым. Ол бояуды олар халық әндерінің қалыбынан алып, қаймақты қалпында халыққа бере білді. Бірақ әттеген, бүгінгі жаңа буын жас композиторлардың шығармаларынан бұл үрдісті көре алмай келеміз. Неге? Мұның жауабын жабыла іздер күн әлі алда деп білеміз.

Иә, ән – көңілдің ажары, ажары да ғажабы. Соның ішінде ғажабы – Халық әні.

Халық әнінің иірімінен інген түннің ұйқылы-ою қалпын, желсіз түнде жарық ай әулесін сезініп байқайсыз.

Халық әнінің қайым қайырмасынан қыран құстың көкке тіке шанышылып, шырқап ұшқан суретін көресіз... Енді осы түгел дүниені бір қауызға сыйдырған халық әнін айту үшінде терең толғаныс, кең тынысты дауыс керек. Ол болмаса, қазақтың халық әнін айтамын деу әурешілік. Осы тұста халық әні «Япыр-айды» алып қарасақ:

«Жаз болса жарқыраған

көлдің беті,

Көгеріп толқындайды,

япыр-ай, алыс шеті.

Дірілдеп толқын басқан

мөлдір суын,

Шайқайды жас баладай,

япыр-ай, желдің лебі», –

деп, өре бойлап өріле түседі. Өріле түсіп өн бойға өзен судың жағасындағы сыбызғы тал, қамыс-қоғаның жел қозғаған сыбыр-суретін сіңіре бастайды.

Немесе:

«Жиырма бес» әнінің қайырмасына көз жүгіртіп өтсек:

«Аха-хау, жалған,

Жиырма бес қайта айналып,

дүние-ау, келмес саған», –

дейді.

Дегендей-ақ, денені дүр тітіретіп, тебіреніп, толғанып, әлдебір сағынышты, қимастық сезім-күйге бөлейді. Бұл екі әннің де, меніңше, иірім-қайырымы бірде баяу, бірде орта, бірде шырқау нақыштарға толы. Бұл екі әнді айтпақ та әлгі сан құбыла түсер кең тынысты дауыс, әсілі, әннің астарын алыстан байқар білгірлік керек. Біліп айтқасын да халық әндері халықтың қабырғасынан ажыраған емес деп ойлаймын. Олай дейтінім, Ғ.Құрманғалиев, М.Ержанов, Б.Жылысбаев, Р.Бағланова, Е.Серкебаев, ағайынды Абдуллиндер, Б.Төлегенова, Ә.Дінішев, Ж.Кәріменов, Қ.Байбосынов, Р.Стамғазиев сынды саңлақтар ә дегеннен халық әндерінің әріні әспеттеп, дәнін көбейтпекке көп күш жұмсағандар. Сондай-сондай саңлақтар арқасында арқалы әндеріміз әлі күнге әуелеп келеді.

Айтпақшы, қазақтың халық әндері – бір-бір ария, бір-бір опералық шығарманың желісін түзген дүниелер. Айтар болсақ, «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын» опералары халық ән-күйлерінің негізінде көрерменге жол тартқандығы тарихтан белгілі.

Тарихтан ең белгілісі: қаршыға көңіл қазаққа қобыз күйді, әуелеп әлемді тербеп өтер ән-әуезді оның ұшар көк даласы, оқ жетпес шыңдары, иір-қиыр өзен-көлдері сыйға тартқандай. Өйткені, қазақтың қайсыбір халық әнін алыңыз, оның түгел болмысынан боз ала таңнан шырылдаған бозторғайдың үнін, тұяғын тең басқан тұлпардың, қанатын тең қаққан сұңқардың дабыл-екпінін, көк аспан, көк өзеннің күркүрін, бұла бұлақтың бүлкілін есітесіз.

Тұла бойында Табиғат-ананың түгел болмысы бар Халық әнінің әлім-сақтан әуелеп келе жатқандығының себебі: Қазақтың қараса көз талар кең даласы, қазақтың даладай дария көңілі. Жаңа жауған қардай жібіп салар жан жүрегі. Жүрегі болмаса қазағым мың ән тудырмас еді. Қазағымның Жүрегі болмаса – «Бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінбес» еді.

Сөз түйінін түймекте айтарымыз: Кейінгі уақыттарда халық әндерін насихаттау жағы ақсаңқырап қалды. Олар. Сондықтан да халық әндерінің шығу тарихымен таныс болып, оны ордалы ортада насихаттап, әспеттеп жүруді борыш санайық. Халық әндерінің қалыбын бұзбай халыққа жеткізе білейік.

Дәлел УАШЕВ,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

МҮСІН

ҚОРҒАУШЫ ӘРІ ҚҰТҚАРУШЫ

«Жақсының аты өшпейді, ғалымның хаты өшпейді» демекші, батырдың батырлығын, жақсының жақсылығын ұмытпас үшін адамдар олар жайлы еңбек жазып қалдырады, суретін салады, мүсін орнатады. Алайда, мұндай құрметке тек адамдар ғана емес, төрт аяқты достарымыз да ие болады екен. Бірінің адалдығы, бірінің қайсарлығы үшін мүсін орнатылған иттер туралы баяндайық.



Саутер – күзетші ит

Ежелгі Грекияда иттер жоғары бағаланған. Төрт аяқтыларды арнайы тәрбиелеп, әскери істе кеңінен қолданатын болған. Әсіресе, қамал-бекіністерді қорғау мақсатында күзетші иттер жиі ұсталады. Бұл тәжі-

рибені қолданатын грек бекінісінің бірі – Коринф болған. Қамал сыртында жау шабуылынан белгі беру үшін қорғаныс нүктелері орналасқан. Бұл нүктелерде 50-ге жуық әскери ит күзет қызметін атқарады.

Күндердің бір күні камсыз қамалға түн тыныштығымен шабуыл жасамақ болған жауды Коринфтің әскери иттері тоқтатады. Қаланың төртаяқты күзетшілері жау сарбаздарына батырлықпен шабуыл жасайды. Алайда, қаруланған дұшпан әскері грек иттерін жылдам жайрата бастайды. Аяғында Саутер атты ит қана қалады. Жауға жалғыз төтеп бермесін білген ақылды ит қоршаудан қашып шығып, бар даусымен айкай салып ұлиды. Аңыз бойынша, бұл дауыстан оянбаған Коринф тұрғыны жоқ екен. Берілген белгімен дер кезінде қолына қару алған қамал сарбаздары жауға төтеп береді.

Коринф халқы бұл батырлықтың құрметіне «Саутер – қала қорғаушысы әрі құтқарушысы» деген жазу бар мүсін орнатқан.

Ем әкелген Бальто

1925 жылы Аляскадағы Ном қалашығында дифтерия ауруы тарайды. Оны тоқтату үшін мың шақырым қашықтықтағы Анкоридж қаласынан сарысу жеткізу керек еді. Қарлы боранның кесірінен емді ұшақпен жеткізу мүмкін болмайды. Сондықтан сарысу құтыларын Ненан қаласына дейін пойызбен, ал қалған жолды ит шаңасымен тасымалдауға тура келеді.

Жолдың соңғы бөлігін Гуннар Каасеннің шаңасы жүріп өтеді. Бұрын ауыр жолға жарамсыз деп танылған Бальто Гуннар шаңасының жол бастаушы иті болады. Жол бастауда тәжірибесі болмаса да, Бальто тар жол, тайғақ кешулерден шаңаны сүріндірмей жеткізеді. Каасеннің айтуынша, Топкок өзенінен өтерде батып кете жаздаған шаңаны жол бастаушы иттің мықтылығы аман сақтап қалады. Қалаға жете берерде бораннан өз қолын көрмеген Каасенді адастырмай алып келген де Бальто екен. 53 шақырымға созылған жолды жүріп өткен шаңа 2 ақпан күні таңғы 5.30 шамасында қалаға кіріп келеді. Уақытылы жеткен ем арқылы дәрігерлер ауруды 5 күнде тоқтата алған.

Бальтоның бұл қайсарлығы ескеріліп, Нью-Йорктің орталық паркінде мүсіні қойылған.



Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы

Бальто – ит шаңасы



СҰХБАТ

БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫ

оның деңгейі мен хал-ахуалы қандай?

Әр шаруа қажыр-қайратты талап етеді. Данышпан Абай атамыз «білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез...» депті. Бүгінде гуманитарлық ғылымдар саласында еңбек етіп жүргендер бар. Бүгінгі қазақ ғылымының деңгейі, хал-ахуалы көпке беймәлімдеу. Сондықтан М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, фольклортанушы Нұржұма ЕЛЕСБАЙМЕН сұхбаттасқан болатынбыз.

– Ғылымның қара жұмысы, материал іздеу, саралап сараптау қалай жүреді? Тарқатып айтсаңыз...

– Бұл дұрыс түсінік емес. Ғылым дегеніміздің өзі «инмен құдық қазғандай» ұзақ уақытты, мол тәжірибені, материалдық қорды, рухани тазалық пен сабырлықты қажет ететін дүние. Оның қиындығы мен машақатын білмеген адамға, әрине, оңай көрінер. Ғылым нақты дәлелдемелерді қажет етеді. Мәселен, бір ғылыми мақала жазу үшін не істеу керек? Ең бірінші, сіздің зерттегілі отырған тақырыбыңыз жайында бұрынғы зерттеушілер не айтты, қандай пікір білдірді, қандай ғылыми еңбектер жазылды? Міне, соны оқып, білу керек. Сосын барып сіз қайсы пікірді дұрыс, қайсысын бұрыс деп есептейсіз, оған қандай ғылыми дәлелдер келтіресіз, сосын барып өзіңіздің ғылыми тұжырымыңызды, айтпақшы болған ойыңызды түйіндейсіз. Бұл бір жағынан, өзге ғалымдарға деген құрмет болса, екінші жағынан, ғылыми этиканы сақтау деп түсінген жөн.

Ғылымның түрі көп. Мен тек өз саламыз, анығын айтқанда әдебиет саласы, оның ішінде қолжазбатану, текстология (мәтінтану) жөнінен айтайын. Ұлтымыздың рухани қазынасы саналатын қолжазбалар елімізде санаулы ғана ғылыми мекемелерде сақталған. Соның ең қомақты қоры деп «Ғылым ордасы» Орталық ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорын атауға болады. Бұл қолжазбалар XIX ғасырдың орта шенінен бастап, халық мұрасын қастер тұтқан жекелеген жинаушылар отбасылық мұрағаттарында сақтаса, Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі уақыттарда еліміздің әр облыстарына кең көлемде ұйымдастырылған арнайы ғылыми экспедициялар негізінде қолжазбалардың мол қоры топтастырылған. Шындығында, қазақ әдебиетінің, әдебиет тарихының, әдебиет ғылымының дамуына, өркендеу-өсуіне қолжазба қорының маңызы айрықша болды.

Бүгінде кешегі Кеңес өкіметі кезінде саяси жүйенің ыңғайына бейімделген қазақ әдебиеті енді жаңаша көзқараспен, азат оймен қайта қаралуда. Осы барыста мемлекеттік ауқымды жобалар атқарылды. Мәселен, «Бабалар сөзі» 100 томдық топтамасы, 16 томдық «Дала фольклорының антологиясы» – соның бір дәлелі. Мұны айтудағы себебім, ғылымның қара жұмысы дегеніміз ғой, мәселен, іргелі зерттеу, ұжымдық монографиялардың тарауын жазу, ғылыми мақалалар әзірлеу сияқты жұмыстарды айтпағанда, осындай ғылыми жинақтарды құрастыру жұмыстары қиынның қиыны деп айтуға болар. Көбі ойлайды, жинақ құрастыру тек кітаптан кітап құрастыру деп. Кітаптан кітап құрастыратындар бар шығар, алайда, ғылыми басылым, академиялық жинақ – мүлде басқа нәрсе.

– Қандай ғылыми еңбек немесе жинақты ерекше құлшыныспен орындадыңыз? Қайсысы жақын болды?

– Жұмысқа қабылданған 2009 жылдан бастап, осы «Бабалар сөзі» жинақтарын баспаға дайындау (62, 66, 69, 83, 88, 89, 96-томдар) істеріне белсене кірістім. Сондай-ақ, әр жылдарда институттың ғылыми жобаларына «Тәуелсіздік идеясын жырлайтын қазақ эпостарының қолжазба нұсқалары: сактау, жүйелеу, жариялау мәселелері» (2009–2011 ж.ж.); «Қолжазба мұралар: жинау, сактау, жүйелеу, зерттеу, жариялау мәселелері» (2012–2014 ж.ж.); «Қазақ текстологиясы: эпостық жырларды мерзімдеу (датировка) мәселелері» (2015–2017 ж.ж.); «Қолжазба мұраларды ұлттық, мәдени, әдеби құндылық ретінде сақтаудың өзекті мәселелері» (2015–2017 ж.ж.); Ортағасырлық парсы деректеріндегі қазақ тарихы: «Қожам-құли Бек Балхи «Қыпшақ тарихы» белсене

қатысып, ұжымдық монографиялардың тарауларын жаздым. Сонымен бірге, қолжазба қорларын, фольклорлық экспедиция материалдарын зерттеу, жүйелеу және Дала фольклоры антологиясының 3-томы (тарихи жырлар) мен 7-томдарын (ертегілер) құрастыру, ғылыми түсініктерін жазу жұмыстарына қатыстым.

– ӘОИ қолжазба қорында Кенесары ханға байланысты қандай дерек бар? Болса, бір оқиғаны баяндап берсеңіз. Мұны сұрағаным, «Хан Кене» атты деректі фильмдер, роликтер ғаламторда көп, оған жастар көп қызығады. Сондықтан шежіреден баяндасаңыз?

– Орталық ғылыми кітапхана мен институтымыздың қолжазба қорында бұрынғы өткен хан-сұлтандарға, би-шешендерге, батырларға қатысты аңыз-әңгімелер мол сақталған. Соның бірі – Кенесары–Наурызбай және оның



маңайындағы батырлар туралы аңыздар. Кенесарының әкесі Қасым сұлтан, ал атасы атақты Абылай хан болған. Абылай 1742 жылы күзде қалмақ тұтқынынан босап шыққанда, Абылайға қалмақ ханы отаулап қыз берген деседі. Сол қыздан Қасым туған. Қасым туғанда қан шенгелдеп туған деседі. Абылайдың 30 ұлының ішінде уыттысы, асып туғаны да, тасып туғаны да осы көкжал мінезді Қасым екен. Абылай қайтыс болған соң, хан тағынан үміткер Қасымды басқа ұлдары «хан емессін, қалмақсың» деп шеттеткен көрінеді. Сөйтіп, Абылай ханның үлкен ұлы Уәли әке тағына мұрагер болады. Ал бұл арада Қасымның бөліне көшкенін, кейіннен сарттардың қолынан қаза тапқанын айтсақ ұзақ әңгіме. Тіпті, Кенесарының ержетуін, әке кегін алуын, хан болуы, отаршылдыққа қарсы жорықтарын сөйлесек те таусыла қоймас. Сондықтан Хан Кенеге байланысты бір-екі ғана аңызды әңгімелейін:

Бірде Кенесары кешке жақын балуан күрестіріпті дейді. Сөйтсе, Қалқаман Әжібай батыр бәрін жыға берген көрінеді. Сонда Кененің інісі Наурызбайдың жасөспірім бала күні екен. «Менімен күрес» деп қайта-қайта тап-тап береді. Әжібай: «Жоқ, төре бала-сымен күреспеймін» деп екі рет қайтарса керек. Наурызбай үшінші рет «күресемін» деп ұмтылғанда «шиаяқ бота сияктанған төренің баласы, бері келші» деп алып ұрыпты. Наурызбай сұп-сұр боп орнынан тұрып кетіпті. Сонан былайғы жерде Әжібай Наурызбай бар жерде сақтанып жүретін болыпты.

Бірде Кенесары Ақмолаға аттанып, Қараөткелде орыс солдаттарымен соғысады. Сонда солдатты басқарып жүрген өз жақыны

дуанбасы Қоңырқұлжа төре болады. Кенесарының қолы солдатты бекініске қуып тыққанда солдаттар «берілсек қайтеді, бұлар қоятын емес» депті. Сонда Қоңырқұлжа төре бір мергеніне өзінің «Жезауыз» деген мылтығын беріп «Қол жақындап келгенде бірер адамын көздеп атып түсір, сонан соң Кененің қолы кейін шегінер» депті. Солдат ең алдымен таянып келген Басығара батырды атып жығады. Кенесары қолы Басығараның сүйегін ап кері шегінеді. Солдаттар бірталай жерге қуып барады, осы кезде Кенесарының аты окқа ұшады. Сол кезде батырлар Кенесарыны өлген аттың үстінен көтеріп алып кетіп, ер-тоқымын да қалдырмай алып шығып, басқа атқа мінгізіп солдаттардан құтқарады. Себебі, қандай кескілескен соғыста да Кенесары алған бетінен қайтпайды, ешқашан өзі жаудан атының басын бұрып шегініп қашпайды екен. Тек батырлардың бірі атының шылбырынан жетектеп, біреулері артынан қорғап алып шығады екен.

Сондай бір ұрыстан кейін Кенесары: «Е, жұрт, таршылықта жағаласқан жауды анду керек еді, біздің батырлар бірін-бірі аңдиды, осымен жүріп ел бола аламыз ба? – дегенде, Наурызбай тұрып келіп: «Аға, қолыңызды беріңіз», – деп Әжібайдың қолын ұстайды. Мұның себебі, Кенесарыны батырлар жаудан айырып алуға жанталасып шауып келе жатқанда Әжібайдың құйрығынан найза сарт ете түседі, артына жалт қараса, Наурызбай бүлдіргелі найзасымен Әжібайды атқан екен, найза төмендеп келіп ердің артқы қасын бөліп түсіп, құйрықтан қадалған екен.

Әжібай мұны сыр беріп ешкімге айтпапты, басқа жұрт білмейді, жығылған аттың үстінде отырып Кенесарының көзі ғана шалыпты. Әжібай сол уақытта: «жарам сыздап, тек білдірмей отыр едім. Сол қол ұстағаннан кейін ғана Наурызбай бар жерде алаңсыз бел шешіп ұйықтайтын болдым», – деген екен. Және осы соғыста Басығара батыр окқа ұшып, бекініс түбінде қалады. Сонда қол шегініп барып тоқтағанда Кіші жүз Тама Танах батыр сол Басығарамен дос екен дейді. Сол жауып тұрған окқа қарамай, бекініске қайта шабады: «Өлсем досыммен сүйегім бір жерде жатсын, өлмесем сүйегін жау қолына бермей алып шығам» деп. Құдай аман сақтап, Басығараның сүйегін алдына өңгеріп келгенде Кенесары: «Жігіттер, дос болсаң, Тама Танахпен дос болыңдар», – деп айтыпты дейді. Бұл сөз кейін ел ішіне мәтел болып таралған деседі.

Сол сияқты, Кенесары Ақтау, Ортау қалаларын қамап соғысқанда солдаттар бекіністен мылтық атып маңайына жуытпаған көрінеді. Сонда Кенесары ойланып, батырларға бір-бір арқадан баялыш жинатып, аттың шылбырымен орап, шеп қылып домалатып шабуыл жасайды. Бұл ақылы іске асып, соғыста адам шығыны аз болады.

Кенесары мен оның батырлары туралы аңыз-әңгіме өте көп екенін айттық. Алайда, кейбіреуі Кеңес өкіметі кезінде айтушылар жағынан бұрмаланып, елді талаушы, тонаушы, қанішер етіп көрсетіп, жағымсыз бейне жасағысы келген аңыз-әңгімелер де жоқ емес. Бұл арасын ақыл таразысына салып, айырып алу керек.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

БАЙҚАУ

БҰРЫМДЫ
БОЙЖЕТКЕНДЕР
бақ сынайды

Шаһарда жоғары оқу орындары студенттері арасында бұрымды қыздарға арналған жаңа байқау басталмақ. Бұрымдылар бақ сынайтын бұл байқаудың негізгі мақсаты – өткен дәуірдің аманаты қолаң шаш үлгісін бүгінге дейін жалғап, ұрпаққа мұра етіп қалдырған асыл аналарымыздың қадір-қасиетін өзгелерге үлгі ету, ұлттық құндылықтарды насихаттау.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Шараны ұйымдастырушы Рабиға Қалдыбайқызының айтуынша, байқау 3 кезеңнен тұрады.

Алғашқы кезеңі онлайн түрде өтетін «Қыздың сәні – қос бұрым» іріктеу кезеңі.

1. Өрілген бұрымның ұзындығы белден төмен болуы міндетті.

2. Өзі туралы слайд пен фото (шаштың ұзындығы көрінетіндей толық кадрмен түсірілген сурет және арудың ажары анық көрінетіндей орташа кадрмен түсірілген сурет).

3. Оқу орынан анықтама.

Бұл іріктеу кезеңі 10 ақпан – 25 наурыз аралығында өтеді. Жоғарыдағы мәліметтерді burymdykuz2022@gmail.com электронды поштасы арқылы 25 наурызға дейін қабылданады. Үміткерлер 26 наурызда әділқазы алқасының шешімімен ақтық кезеңге іріктеліп алынады. Байланыс деректемесі болуы міндетті.

Үшінші кезең – ақтық мәреде 2 кезеңнің қорытындысы бойынша жүлдегерлерді әділқазылар алқасы анықтайды.

Қатысушыларға құлаққағыс!

Екінші және үшінші кезең 1 күнде өтеді. Өтетін күні қосымша хабарланады.

